

БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ БИІК БЕЛЕСІ

2-бет



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН КӨКЖИЕГІ

6-бет



СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

16-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №21 (995) 30.05.2022 jyl


# «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» ЖАЛАҢ ҰРАНҒА АЙНАЛМАСЫН



zharar.com

Ашығын айтсақ, осы «Балалар жылына» қарағанда «Жастар жылы» әлдеқайда дұрыс ұйымдастырылғанын байқауға болады. Жастарды жұмыспен, баспанамен қамту, білім алу мүмкіндіктерін ескеру, студенттердің тұрмыстық жағдайын түзеу, шәкіртақысын көтеру секілді бірқатар мәселелер ішінара шешімін тапқанын білеміз. Сонысына қарай жастар да қарап қалмады, пандемия кезінде волонтерлік қозғалыстың алдыңғы шебінде болып жастық қайрат-жігерлерін көрсете білді.

Ал «Балалар жылына» біздің үкімет дайындықсыз келгені анық. Бір ғана қаржысыз қалып, жаппай жабылуға шақ тұрған шығармашылық бағыттағы үйірмелер ғана емес, балаларға қатысты Президент тапсырған денсаулық, білім, әлеуметтік қамсыздандыру міндеттері де орындалып жатқан жоқ.

3 бет



## ҚАЙРАН МЕНІҢ АЙМҮЙІЗ АҒАЛАРЫМ!

Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы Көркемсурет училищесінде төрт жыл бойы көз майын тамызып оқығанымызда, обалы кәні, сурет салудың қыр-сыры мен технологиясы ғана емес, Батыс пен Шығыстың өнер тарихын да бір кісідей біліп шыққанбыз. Содан есімде қалғаны – заманы бір, мақсаты бір, тілегі бір әріптестердің шығармашылық топтар құру үрдісі әр дәуірде болып тұрған көрінеді.

8-9 бет



## ТЕҢІЗ КЕМЕШІЛЕРІН ДАЯРЛАУДЫ ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Бүгінгі күнге Теңіз Кемелері Тізілімінде 300-ге жуық кемелер бар, яғни, баржалар, буксирлер, мұзжарғыштар, авариялық-құтқару кемелері. Оның ішінде 171 кеме Қазақстан иелігінде, Қазақстан туының астында жүзуге уақытша рұқсат алған 101 шетелдік кемені отандық заңды тұлғалар жалға алған. Танкерлік флотта 8 танкер, соның ішінде 100 мың тоннадан артық тасымалдаушы 2 кеме бар.

2002 жылғы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Заңның 25-бабына сәйкес, Мемлекеттік туды көтеріп жүретін кеме экипажының құрамына шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға кіруге мүмкіндік берілген.

4 бет



## ҚУҒЫНМЕН ӨТКЕН ӨМІР

Тарихта әлі ашылмай жатқан неше бір заманға лайық азаматтар болған. Олар Кеңес өкіметінің өркендеуіне ғана емес, қоғамның дамуына да өзіндік үлестерін қосқан. Алайда 1931-1933 жылдары «Халық жауы» атанып, өмірлері қуғын-сүргінде өткендер қаншама?!

7 бет

## ПРИШЛО ВРЕМЯ СОБИРАТЬ КАМНИ: ДОБЫЧА ХРОМА ДОСТИГЛА ПИКА



Мир кардинально меняется за последнее десятилетие: человечество живет не только в условиях гибридной, биологической, санкционной, экономической войны, но и информационной, идеологической. Притом эта «война» со многими неизвестными, которые порождают панику среди населения и среди ...президентов.

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ БИІК БЕЛЕСІ

**Биыл Қазақстан мен Қырғызстан елдерінің дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толып отыр. Ширек ғасырдан астам уақыт бойы қос мемлекет барлық салада өзара байланысты нығайтуға баса назар аударып келеді.**



Әсіресе, экономика, мәдениет, инвестиция саласындағы ынтымақтастық жыл өткен сайын артып жатыр. Мәселен, былтыр екі ел арасындағы тауар айналымы 1 миллиард долларды құрады. Ендігі мақсат – тауар айналымын 2 миллиард долларға дейін жеткізу болып отыр. Қазақстан тарапы соңғы 15 жылда көрші елге 1 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция құйған. Қырғызстанда қазақстандық капиталдың қатысуымен 334 бірлескен кәсіпорын тіркелген. Қазақстанда қырғыз капиталының қатысуымен осындай 247 кәсіпорын жұмыс істейді.

30 жылдық белесті еңсерген екі ел арасында мықтап орныққан достық, дипломатиялық қатынасты одан әрі нығайтып, экономика, мәдениет, білім, инвестиция саласындағы байланысты дамыту үшін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қырғыз Президенті Садыр Жапаров Бішкекте келіссөз жүргізіп, 13 маңызды құжатқа қол қойды. Соның қатарында Қазақстан капиталының қатысуымен Ыстықкөл облысында күн энергиясы станциясын салу жоспарланған. Жобаның құны – 300 миллион доллар.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел үшін де маңызды су-энергетика саласындағы қарым-қатынасты үйлестіру мәселесін де қозғады. «Екі елге ортақ өзендер әрдайым жұртты жақындастыра түсуге дәнекер болуы керек. Қазақстан барлық міндеттемелерін толық орындауға және маңызды жобаларды бірлесе іске асыруға дайын» - деді ҚР Президенті.

# ЕЛ СЕНІМІН АҚТАМАҒАН ДЕПУТАТТЫ КЕЙІН ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ

**ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин бір мандатты сайлау округтерінің не үшін енгізілетінін түсіндірді.**

«Бір мандатты сайлау округтері енгізіледі. Яғни, саяси партиялармен қатар Мәжіліске және облыстық мәслихаттарға партияға мүше емес депутаттар сайлана алады. Ал қалалық және аудандық мәслихат депутаттарын түгелдей бірмандаттық округтер арқылы сайлау жоспарланып отыр. Бұл өзгеріс сайлаушыларға не береді? Біріншіден, қазір азаматтардың көбі мәслихаттағы өз депутаттарын танымайды. Өйткені олар партиялық тізім бойынша сайланады. Енді азаматтар сайлауда өзі қалаған партияға ғана емес, нақты кандидатқа дауыс бере алады. Тіпті өз кандидатын да ұсына алады. Сол арқылы депутаттардың сайлаушылар алдындағы жеке жауапкершілігі артады», - деді Ерлан Қарин Youtube арнасында жарияланған референдум туралы роликте.

Оның пайымынша, бір мандаттан сайланған депутаттар өз сайлаушыларын толғандыратын мәселелерді шешу үшін барын салуға мәжбүр болады. «Мұндай мәселелер көп. Атап айтқанда, жол жөндеу, таза сумен қамтамасыз ету, жаңа мектеп немесе аурухана салу, жастарды жұмыспен қамту сияқты түйткілдер жиі көтерілетіні жасырын емес. Оның бәрі барынша шұғыл және сапалы шешіледі. Сондай-ақ сайлаушыларға бір мандатты округ бойынша сайланған депутаттарды кері қайтару құқығы беріледі. Бұл – жаңа механизм. Егер депутат сайлаушыларының сенімін ақтамаса, жұмысын тиімді атқармаса, оның өкілеттік мерзімі аяқталуын күтпестен, лауазымнан босатуға болады. Осылайша Мәжілістің де, мәслихаттардың да депутаттары өз сайлаушыларының, яғни, сіздердің алдарыңызда тікелей жауапты болады», - деді Мемлекеттік хатшы. Оның айтуынша, Конституциялық Кеңестің орнына құрылатын Конституциялық сот қабылдаған шешімге ешкім шағым келтіре алмайтын болады.

# БІШКЕКТЕ АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

**Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Қырғызстан астанасындағы «Театр» гүлзарының орталық аллеясына қойылған Ұлы Абай ескерткішінің ашылу салтанатына қатысты.**



Мемлекет басшысы бұл күнді қазақ пен қырғыздың рухани өміріндегі ерекше күн ретінде бағалап, Бішкек төрінде Абай ескерткішінің бой көтеруін қырғыз елінің қазақ халқына деген айрықша құрметінің белгісі деп атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев осының бәрін бір-бірімізге деген жанашырлық пен тілектестіктің көрінісі деп, екі елдің бауырластығы мен достығы ешқашан мызғымайтынына сенім білдірді. Садыр Жапаров сөйлеген сөзінде осы күнді қырғыз-қазақ үшін маңызды күн екенін айтты.

«Философ, гуманист тұлға, қазақтың ұлы ақыны Абайға Бішкек қаласында қойылған ескерткіштің ашылуымен баршаңызды құттықтаймын. Екі елге ортақ тұлғаға дипломатиямыздың 30 жылдығы қарсаңында құрмет көрсетіліп отырғаны – ерекше оқиға. Жазда жайлауы, қыста қыстауы қоңсы қонған екі халықтың рухани әлемінің жақындығын Абай мен Токтоғұлдың, Мұхтар мен Шыңғыстың мұралары көрсетіп келеді» – деді Қырғызстан Президенті. Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ескерткіштің ашылуына жиналған екі елдің зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, пікір алмасты.

# СОЛТҮСТІККЕ КӨШЕТІНДЕРГЕ КӨМЕК КӨЛЕМІ ӨСЕДІ

**ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов солтүстік өңірлерге көшуді қалайтын азаматтарға қандай әлеуметтік қолдау көрсетілетінін айтты.**

Ералы Тоғжановтың айтуынша, елімізде «Dauletten» қайырымдылық қорының жұмысы аясында «Балашағамен солтүстікке» жобасы жүзеге асырылуда. Вице-премьердің мәліметінше, жоба аясында 1300 адам оңтүстіктен солтүстік өңірлерге көшуге өтініш білдірген. Негізінен Түркістан облысының, сондай-ақ Маңғыстау облысының тұрғындары жүгінуде.

«Бұл бағытта көшуге жағдай жасау бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде. Қызықты тетіктердің бірі – Жамбыл облысының тәжірибесі бойынша кооперативтер құру мүмкіндігі болады. Кооперативке кіретін барлық адамдардың белгілі бір жеңілдіктері, соның ішінде мемлекеттің субсидиялауы, белгілі бір технологияларды сатып алу, белгілі бір жеңілдікті-кредиттік ресурстарды алуы болады», – деді Ералы Тоғжанов Сенатта тілшілерге берген сұхбатында.

Сонымен бірге Е. Тоғжановтың айтуынша, қоныс аударушыларды қолдау бойынша тағы бір әлеуметтік шара – солтүстікке көшуге ниет білдіргендер үшін АӘК мөлшерін ұлғайту қарастырылып жатыр. Оның айтуынша, қоныс аударушыларға әлеуметтік қолдау көрсету шешімі жыл соңына дейін қабылдануы мүмкін.

# ӘКІМДІК ЖАУАПСЫЗ КОМПАНИЯМЕН ҚОШ АЙТЫСТЫ

**Алматы әкімдігі мегаполистегі сумен жабдықтау және су бұру құрылысына қатысты өз міндеттемелерін дұрыс атқармаған компаниямен келісімшартты бұзды. Бұл туралы шаһар басшысы Ерболат Досаев Жетісу ауданы тұрғындарымен кездесу барысында айтты.**

Әкімнің айтуынша, қазір ауданда сумен жабдықтау және су бұру - өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, «Кемел» шағын ауданында аса маңызды. «2021 жылдың қыркүйегінде сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу үшін мердігер анықталды. Алайда, ол өз міндеттерін дұрыс орындамады. Сондықтан, біз шартты сот арқылы бұзуға мәжбүр болдық. Сол себепті, жобаны орындау келесі жылға қалып отыр», - деді қала әкімі. Сонымен қатар, ол аталған шағын аудандағы әрбір жеке үйге тұрақты электр энергиясы тартылып, қалалық желіге қосылатынын мәлімдеді. «2022 жылы «Кемел» шағын ауданындағы электр желілерін реконструкциялау жұмыстары басталғанын айта кеткім келеді. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін «Кемел» шағын ауданындағы әрбір жеке үйге тұрақты электр энергиясы тартылып, қалалық желіге қосылатын болады», – деді Ерболат Досаев.

# ҚАНТ – ТӘТТІ, БАҒАСЫ – УДАЙ

**Елдегі қант тапшылығы мен оның удай бағасы тұрғындарымызды есеңгіретіп тастаған секілді. Елордада, Алматыда қант 800 теңгеден сатылып жатыр.**

Сол қымбат қанттың өзін дүкендерден таба алмайсыз. Сатылса да тез бітіп кетеді. Ал көтерме бағамен сауда жасаушылар бір көлік, яғни, кем дегенде 30 тоннаны келісі 650 теңгеден алсаң ал, алмасаң қой дейді екен. Қоймасын алдынала толтырып алғандар қант тапшылығын естіп бағаны бірден үш есеге көтеріп жіберген. Әсіресе кондитерлік тәтті пісіретін цехтерге қиын боп тұр. Өйткені десертті сатпақ түгіл, қалай пісірерін білмейді. Шекер болмаса, тәтті де жұмыс та жоқ.

«Алдынала жасаған келісімшарт бойынша қоймада 400 мың тонна қант бар. Олар қаладағы ірі сауда маркеттерінде 320 теңгеден сатылып жатыр. Қант бар. Ал дүкендер сатып алған бағаға 15 пайыздан артық қоспауға тиіс. Қазір қалада екі аптаға жететін 400 тонна құмшекер бар» - дейді Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі азық-түлік қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Руслан Ыдырысов. Уәдесі де, есебі де түгел әкімдік алдағы уақытта тағы да қамбаны толтырамыз деген сенімде. Жеткенінше ел ішінен, болмаса шетелден алдыртуға дайын отыр. Бірақ семіз сөйлеп, арық шығатын атқамінерлер қаракет еткенше елордалықтар шекерден әлі біраз тарығатын секілді. Қанттың ғана емес, өзге азық-түлік тауарларының бағасы да негізсіз көтерілгені әкімдіктердегілерді ойландырмайды. Әлемдегі геосаяси жағдай сол тасымалға тәуелді болғанын алға тартатын шенеуніктердің бұл сылтауы – Африкада біреу түшкірсе Қазақстанда тұмаумен ауырамыз дегенге ұқсайды. Сыныққа сылтау іздегенше, сауда саласын тексеріп тәртіп орнатса болар еді.

# ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ БАҒАСЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?

**Коммуналдық қызмет саласына қатысты шектеулі тарифті енгізу мәселесі қаралып жатыр. Бұл туралы Сенатта «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын іске асыруды талқылау кезінде Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов мәлімдеді.**



Сенатор Мұрат Бақтиярұлы осы жылдың екінші жартысында бұл бағыттағы бағаны қалыптастыру қалай жүзеге асырылатынын сұрады. «Осы орайда 6 ай өткеннен кейін ары қарай мемлекеттік реттеуді жалғастыру мәселесін талқылап жатырмыз. Коммуналдық қызмет саласына қатысты айтатын болсақ, жарты жыл мерзім өткеннен кейін шектеулі тарифті енгізу мәселесі де қаралып отыр. Бұл – қоғамның қатысуымен аймақтарда нақты талқыланып, шешім қабылданатын үлкен тақырыптар», - деді Ералы Тоғжанов.

Биыл қаңтар айының басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай өнімдерінің (бензин, дизель, сұйытылған газ) бағасына мемлекеттік реттеуді 180 күнге енгізу, халық үшін 180 күнге коммуналдық тарифтерді көтеруге мораторий енгізу қажеттігін тапсырғаны белгілі. «Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Егер бұл жұмыс бір жолға қойылмаса, жанар-жағармай бағасын реттеу жүйесі сақталады», - деген болатын Президент.

**Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін айта келе, биылғы Барыс жылын «Балалар жылы» деп жариялағаны белгілі. «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін» –деді қазақстандықтарды Жаңа жылмен құттықтаған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің бұл бастамасы ата-аналарды қуантып, бүкіл елімізде қызу қолдау тапқаны да жасырын емес.**

# «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» ЖАЛАҢ ҰРАНҒА АЙНАЛМАСЫН



Президент бұл жылды тек ұрандатып немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, балаларды қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін қадап айтты. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» - деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұдан артық қандай бастама, қандай тапсырма керек дерсіз!..

Бірақ, бізде қалыптасқан үрдіс бойынша түрлі салаға қатысты кез келген құнды бастаманы биік мінберлерден қызу қолдаймыз да, нақты іске келгенде алға басқан аяғымыз кейін кететін жаман әдет бар. Басында ұрандатқанмен бағдарламалардың соңы сиырқұйымшақтанып ұмытыла бастайды. Жер-жерлерден айтылып жатқан арыздарға қарап, жылдың жартысына жуығы өтіп кетсе де «Балалар жылы» әлі де басталмаған сыңайлы. Президент тапсырмасына орай «Балалар жылын» қолдауды, соған байланысты өткізілетін іс-шараларды басқа емес, біздің атқарушы билігіміз ресми түрде Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшысы Әлихан Смайылов 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысымен бекітіп те берді. Қаулыда жоспардың орындалуына орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері жауапты екені, тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып отырылу керектігі, өз кезегінде ҚР Білім және ғылым министрлігі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсыну міндеті жүктелген-ді. Қаулыда да кемшілік жоқ, нақты тапсырмалар берілгенін бірден байқауға болады. Ал аймақтар мен осы міндет жүктелген сала басшылары Үкіметке қандай есеп беріп жатқаны белгісіз. Сол әдеттегідей қағазға көпіртіп жазып, қырып-жойып жатырмыз деп жалған ақпарат берсе қателеседі. Әлеуметтік желіні қарап, телеарна жаңалықтарын босатпайтын көрермендер мен жер-жердегі қарапайым тұрғындар «Балалар жылының» қалай өтіп жатқанын жақсы біледі. Оларды қағаздағы есеппен алдай алмайсыз.

Сөзіміз жалаң болмас үшін бір-екі мысал келтірейік. 31 телеарнаның хабарлауынша Қызылорда қаласында мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін балалардың шығармашылық үйірмелері жаппай жабылудың азақ алдында тұр. Өйткені облыстық әкімдік осы үйірме жұмысын қамтамасыз етуге тиесілі ақшаны үш ай бойы аудармаған. Ұстаздарға төлейтін қаржы таппай қалған көрінеді.

Тегін үйірмелердің жұмысының тоқтауына қарсы ата-аналар таң атысымен облыс әкімдігінің алдына жиналып өз наразылықтарын білдірді. Олар мемлекеттік жобаны жүйелі жүргізе алмаған аймақ және қала басшыларын кінәлі деп есептейді. «Балалар үйірмеден көп нәрсе үйреніп, өздерінің шығармашылық талаптарын көрсете бастағанда жобаның жабылуы үлкен соққы болып отыр. Алда үш ай жазғы демалыс, балалар енді пайдалы іспен айналысқанның орнына көше кезіп жүре ме?»- дейді ата-аналар. Облыс басшысынан үйірмелердің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етпекші болғандар Нұрлыбек Нәлібаевтың қарасын да көре алмады. Жиналғандарға шығып жағдайды түсіндірмекші болған басқарма өкілдері мәселенің бәрі қаржыға байланысты деп құтылды. Олардың айтуынша бөлінген қаржы жетіспейді екен. Сондықтан тағы да үкіметтен қосымша ақша сұрамақшы.

Бұл бір Қызылорда қаласында ғана орын алған жағдай емес. Еліміздің өзге аймақтарында да балалар үйірмесінің жұмысы өрлеп тұрған жоқ. Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев та балалар үйірмесін қаржыландыру неге тоқтағанын тұрғындарға түсіндіруге тырысты. Облыс басшысы бұл бағдарламаның кемшілігі көп екенін айтты. «Ең бастысы, кез келген бағдарлама бюджетке отырғызылған қаржыға сәйкес келуі керек. Ал бұл бағдарлама шексіз пирамида сияқты. Мәселен, былтыр мәдениет саласына 1,5 млрд. тенге, биыл 2,4 млрд. тенге бөлінді. Бұл қаржы екі-ақ айға жетті. Бағдарлама пирамида сияқты болса, тек осы үйірмелердің өзіне 34 млрд. теңге керек болады. Ондай қыруар қаржы облыста жоқ», - деп кесіп айтты Қанат Бозымбаев. Өңір басшысы Мәдениет және спорт министрлігі бұл бағдарламаны бір жүйеге түсіріп, бекіткеннен кейін ғана қаржыны қайта есептеу және қаражат бөлу қарастырылатынын жеткізді. Министрліктегілер қаржыны қайта есептеп, оны бекітіп, аймақтарға жеткізгенше балалар жылы өтіп кететіні туралы Қ. Бозымбаев ойланбаған да сияқты.

Тағы да сол жұртты жалықтырған ескі әуен, әкімдік министрлікке, министрлік әкімдікке сілтейтін тозығы жеткен тәсіл. Осылардың ешқайсысының бұл бағдарламаны орындайтын шынайы ниеті байқалмайды. Өздеріне керек болса сол қаржыны жерден қазса да тауып алар еді. Соншалықты, тіпті одан да миллиондаған есе көп қаржы ұрланып та жатыр емес пе? Балалар жылы деп жариялаған соң оны өз деңгейінде өткізу керек қой. Балалар жылын өткізіңдер ешкім сұрап алған жоқ. Бұл жылды тек ұрандатып немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, балаларды қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін қадап айтқан Президенттің сөзі қайда қалды? Бұл мемлекет басшысының тапсырмасына құлақ аспау ғой. Біздің үкіметте, аймақтарда осы істі алдынала ойластырып, нақты іске асыратын жөні түзу бір де бір маманның болмағаны ма? Балалар жылына қаржыны дұрыс есептеп, уақытында жеткізу қолымыздан келмесе несіне жаһанға жар салып «Балалар жылын» жарияладық. Үкіметке, үлкендерге үміт артқан кішкентай балалардың бетіне енді қалай қараймыз? Балаларға қандай үлгі көрсетіп жатырмыз?

Ашығын айтсақ, осы «Балалар жылына» қарағанда «Жастар жылы» әлдеқайда дұрыс ұйымдастырылғанын байқауға болады. Жастарды жұмыспен, баспанамен қамту, білім алу мүмкіндіктерін ескеру, студенттердің тұрмыстық жағдайын түзеу, шәкіртақысын көтеру секілді бірқатар мәселелер ішінара шешімін тапқанын білеміз. Сонысына қарай жастар да қарап қалмады, пандемия кезінде волонтерлік қозғалыстың алдыңғы шебінде болып жастық қайратжігерлерін көрсете білді.

Ал «Балалар жылына» біздің үкімет дайындықсыз келгені анық. Бір ғана қаржысыз қалып жаппай жабылуға шақ тұрған шығармашылық бағыттағы үйірмелер ғана емес, балаларға қатысты Президент тапсырған денсаулық, білім, әлеуметтік қамсыздандыру міндеттері де орындалып жатқан жоқ. Әлде біздің балалардың бүкіл мәселесі бұған дейін толық шешіліп қойылған ба еді? Жоқ, балалар мәселесі әлі түпкілікті қолға алынған жоқ деп айтуға толық негіз бар. Үкімет оны «ұмытып» қалса солардың біразын атап, естеріне салып берейік.

1. Балаларға дүние есігін ашқандағы алғашқы әлеуметтік көмек мөлшері мүлдем мардымсыз. Отбасында бірінші, екінші, үшінші бала туылғанда 116 394 тенге, одан кейінгілеріне 192 969 тенге беріледі. Мынандай қымбатшылық кезеңде бұл ақшаға нәресте үшін не алуға болады?

2.Аналарға, әсіресе көпбалалыларға ай сайын берілетін көмек те көңіл көншітпейді. Баланы бір жасқа дейін баққан кезде бір бала үшін айына 17 643 тенге, екіншісіне 20 860 тенге, үшіншісіне 24 045 тенге беріледі. Одан әрі он балаң болса да көрсетілетін көмек мөлшері 27 261 тенге. Үйде отырған ана бұл қаражатқа қалай күн көреді? Қазір кейбір қалаларда төменгі сынып оқушылары үшін мектепте бір рет тегін тамақ беріледі деген игі бастама бой көтерді. Оның әрі қарай қалай қолдау табары белгісіз. Сол бір реттік тамақтың орташа құнын 800 тенге деп белгілепті. Дұрыс делік, бүгінгі бағаның шарықтап тұрған кезінде оған ешкім қарсы дау айта алмас. Сонда бір баланы күніне үш рет тамақтандыру үшін ғана 2 400 тенге, ал айына 72 000 тенге қажет екен. Бұл мемлекет тарапынан балаға көрсетілетін көмектен 2-3 есе жоғары. Ал балаға аса қажет киім-кешек және басқа да тұрмыстық заттарды қандай қаражатқа алады?

3.Бүгінгі күні балалардың туа біткен аурулары көбейіп кетті. Жер бетіндегі жыл сайын нашарлап бара жатқан экологиялық жағдайдың кері әсері мол. Жүре пайда болған ауруларды емдеудің өзі оңай емес. Біздің елде балаларға медициналық көмек тегін көрсетіледі дегенмен оның сапасы сын көтермейді. Операция жасау бізде заңды айналып өтіп, баяғыдан бері ақылыға айналған. Хирургтер ақша бермесең қолына пышағын алмайды. Құрал-жабдықтарды мемлекет сатып алса да қызметіне пара тілеп тұрады. Бұл медицина саласын жемқорлықтың жайлағанын көрсетеді. Қажет деген тегін дәрі-дәрмекті де дұрыс бермейді. Сондықтан әлеуметтік желіде ауру баласын емдетуге көпшіліктен көмек сұраған ата-аналардың қатары артып келеді. Сенбесеңіздер қоғамдық денсаулық сақтау саласын мұқият тексеріп көріңіздер, талай былықтың бетін ашасыздар.

4. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесі де өткір тұр. Ата-ана, балабақшадағы тәрбиешілер және өзге де ересектер тарапынан көрсетіліп жатқан қол жұмсаулар туралы телеарналарда жиі көрсетіледі. Бұл бағытта да қолданылатын шараларды заң жүзінде қатайту қажет.

5. Өкінішке орай біздің қоғамда жетім балалар да жетерлік. Әкешешесінен айырылған жетімдер балалар үйінде тәрбиеленеді.Оны мемлекет өз мойнына алып отыр. Мұнда да келеңсіз көріністер көп, жетім балалардың несібесіне қол сұғу жиі кездеседі. Ержеткен балаларды баспанамен қамту айналасында даудамай бір толастаған емес. Заң бойынша олар балалар үйінен тәрбиеленіп шыққан соң баспана алуға құқылы. Бірақ сол заңды белінен басқан жергілікті жерлердегі шенеуніктер онсыз да тағдырдың тәлкегіне түскен жетімдерді зар жылатады.

6. Балалар арасындағы тәртіпсіздік, әсіресе мектептердегі әлімжеттікке заңдық тұрғыдан тосқауыл қою қажет.

7. Қазір ерлі-зайыптылардың үйленбей жатып ажырасуына таңғалмайтын болдық. Соңғы деректерге қарағанда үйленіп отау құрғандардың жартысынан көбі ажырасып кетуде. Бұл да бала үшін қасірет. Бір қызығы, біздегі қазіргі қолданыстағы заң бойынша кез келген отбасы мемлекеттік бағдарламалар бойынша пәтер алғанда кішкентай балалар есепке алынып, баспана алуға немесе оны кеңейтуге болады екен. Ал ерлі-зайыптылар ажырасатындай жағдай туындаса пәтер тек қана ересектерге (күйеуі мен әйелі) бөлінеді. Сонда қалай болғаны, пәтер бергенде балалар ескеріліп, оны бөлгенде балалар назардан тыс қала ма? Бұл балалардың құқығын таптау ғой. Ертең олар өскенде пәтер жалдаушылардың санын көбейтеді емес пе?

8.Ең бастысы балаларға ұлттық бағыттағы тәрбие беру жұмысы ақсап жатыр. Бұл өте маңызды істің тізгінін Батысқа беріп қойдық. Сондықтан да бүгінгі балаларымыз ұлттық салт-дәстүрін, тарихын, тіпті өз ана тілін де шала-пұла біледі. Біздің ұлтымызға жат батыстың тәрбиесінің жетегінде кеткен. Бұл біздің елде ұлттық идеологияның жоқтығын көрсетеді.

Осы жерден тоқтайық, балалардың алдындағы мәселелерді санамалай берсек саусағымыз жетпейді. Осы тұрғыдан алғанда «Балалар жылын» жариялау өте орынды дер едік. Бір жылда бәрін болмаса да балаларға қатысты біраз мәселені шешуге болады. Қаржы жетіспейді, оны алдынала дұрыс есептемедік деген сияқты сылтаулар балалардың өмірін жақсартпайды. Бұл жерде қаржыдан бұрын алдымен балаларымыздың болашағын ойлайтын таза ниет керек. Министрліктерде, түрлі деңгейдегі әкімдіктерде отырған лауазымдылар балаларымыздың тағдырына бей-жай қарамауға тиісті. Әрі-беріден соң өздеріңіз де ұрпақ өсіріп отырсыздар ғой. Осындайда жанашырлық ниетпен мынандай бір ойымызды жолдауға мәжбүрміз:

- Құрметті лауазымдылар, балаларға жандарыңыз ашымаса да, өздеріңізді аясаңыздаршы. Халық үніне құлақ аспасаңыздар да тым болмаса мемлекет басшысының айтқанын орындауға тырысыңыздар. Заман өзгеріп келеді, ертең мемлекеттік бағдарламаны орындамағандарыңыз үшін жайлы орындарыңыздан айырылып қалуларыңыз мүмкін ғой...

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# КЕДЕНДІК КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЕМЕС, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛСЫН

**«Ақ жол» халық тұтынатын тауарлар бойынша кедендік бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің қылмыстық сипаттан алып тастауды және олар үшін қаржылық жазаны қарастыруды талап етеді. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Андрей Линник «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалында мәлімдеді.**




## ҚР БАС ПРОКУРОРЫНА

Қазақстан ЕАЭО-ның бірыңғай кедендік аумағы шеңберінде дамуда. Бұл кеңістікте тиімді жұмыс істеу шарттарының бірі елдердің тиісті саладағы заңнамасын біріздендіру болып табылады.

Осы шартты сақтау үшін 2010 жылдың 5 шілдесінде Қазақстан, Ресей және Беларусь арасында кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктің ерекшеліктері туралы шартқа қол қойылды. Оған сәйкес әрбір тарап кеден одағының, сондай-ақ тараптардың әрқайсысының заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті көздейтін өз заңнамасына өзгерістер енгізуге, сондай-ақ осы шартқа қол қою үшін тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес мұндай әрекеттердің заңсыздығы бірыңғай анықтамаға сәйкес келеді.

Қазақстан Конституциясы бойынша Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басым күшке ие.

Аталған шарт 2011 жылдың 8 желтоқсанында ратификацияланды.

Қазіргі уақытта 188-бап (Экономикалық контрабанда) Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінен алынып тасталды және Ресей Федерациясы Конституциялық сотының қаулысымен (13.07.2010 ж. №15-П) конституциялық емес деп танылды. Алкоголь, темекі өнімдерінің, есірткілердің, улы, уландырғыш, жарылғыш, радиоактивті заттардың, ядролық материалдардың, атыс қаруының, оқ-дәрілердің, жаппай қырып-жоятын қарудың контрабандасы ғана ерекшелікке ие.

Еуропаның көптеген елдерінде тауар контрабандасы ауыр қылмыс ретінде емес, салықтар мен кедендік алымдарды төлеуден жалтару үшін қаржылық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады. Осылайша, Германия, Франция, Швеция заңнамасында мұндай құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық емес, заңсыз әкелінген тауарларды тәркілеу және оның бағалау құнынан айыппұл салу арқылы қаржылық жазалар қолданылады.

«Ақ жол» партиясы әрқашан экономикалық контрабанданы құқықтық бағалауда еуропалық тәсілді қолданудың жақтаушысы болып келді. Біз бірқатар сауалдарымыз арқылы кәсіпкерлердің жауапкершілігін қаржылық жағдайға ауыстыруды жақтадық.

Қылмыстық жаза кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салынған немесе шектелген, оларға қатысты кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы ережелері белгіленген тауарлардың, заттар мен құндылықтардың контрабандасы үшін сақталуға тиіс.

Сонымен қатар, контрабандалық тауардың қалған түрлері бойынша айыппұлдарды контрабандалық тауардың құнынан 2-3 есеге дейін қатаңдату мемлекет үшін кезекті қамалушыны асырауға және тамақтандыруға кеткен шығынға қарағанда анағұрлым тиімді қадам болар еді.

Кеден органдарының өкілдері осы бап бойынша қозғалған қылмыстық істердің тек 5%-ы сотқа дейін жетеді, бұл ретте тауарлардың өздері ешқандай қауіп төндірмейді, ал бұзушылық тек фискалдық сипатта болады деп бірнеше рет атап өтті.

Кәсіпкерлер қолданыстағы заңнамаға сәйкес, лауазымды тұлғалар мен сарапшылар тауарларды бағалау және контрабанданың белгілерін анықтау кезінде оның құнын әкімшілік кодекске де, қылмыстық кодекске де сәйкес келетін етіп түсіндіруге мүмкіндік береді деп шағымданады. Бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың орын алуына жол ашып береді.

Олар сондай-ақ тауарды алушыда декларациялау кезінде байқаусызда қате (атауында, санында, салмағында дәлсіздік), оның ішінде шетелдік өнім берушілердің кінәсінен болған жағдайда бірден қылмыстық жауапкершілік туындауы мүмкін екенін атап көрсетеді. Жүкті ресімдеуге қатысы бар барлық адамдар (кеденшілер, брокерлер, кеден одағына қатысушы алушылардың өкілдері) қылмыстық жауаптылыққа тартылуы және ұйымдасқан қылмыстық қоғамдастық деп танылуы мүмкін.

Мұндай жағдай бизнесті дамытуда тежеуші фактор болып табылады.

Баяндалғанның негізінде, «Ақ жол» фракциясы келесілерді талап етеді:

1) Парламент ратификациялаған кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері туралы шарт шеңберінде алынған халықаралық міндеттемелерді орындамау себептерін көрсету;

2) ҚР Қылмыстық кодексінің 234-бабы бойынша халық тұтынатын тауарларға қатысты бөлігінде қылмыстарды қылмыстық сипаттан арылту;

3) ХТТ (халық тұтынатын тауарлар) бойынша кеден заңнамасының бұзылуы анықталған жағдайда кінәлі тұлғаны дамыған елдердің үлгісі бойынша мемлекет кірісіне қаржылық жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін нормалар енгізу.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**

# ТЕҢІЗ КЕМЕШІЛЕРІН ДАЯРЛАУДЫ ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

**«Ақ жол» теңіз кемешілерін даярлау жұмысын жүйеге қоюды талап етті. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Серік Ерубаев «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалында мәлімдеді.**

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Р.В. СКЛЯРҒА

Маңғыстау өңірінде сайлаушылармен кездесу барысында, Каспий теңізіндегі сауда флотында қазақстандық азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі бойынша сұрақтар көтерілді. Каспий теңізінің жағасында орналасқанына қарамастан, ұзақ уақыт бойы Қазақстанның өз флоты болмады. Соңғы 20 жыл ішінде, Қазақстан Каспийде өзінің флотын құрып, көлік нарығында тәуелсіз ойыншы болуға ұмтылуда.

Бүгінгі күнге Теңіз Кемелері Тізілімінде 300-ге жуық кемелер бар, яғни, баржалар, буксирлер, мұзжарғыштар, авариялық-құтқару кемелері. Оның ішінде 171 кеме Қазақстан иелігінде, Қазақстан туының астында жүзуге уақытша рұқсат алған 101 шетелдік кемені отандық заңды тұлғалар жалға алған. Танкерлік флотта 8 танкер, соның ішінде 100 мың тоннадан артық тасымалдаушы 2 кеме бар.

2002 жылғы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Заңның 25-бабына сәйкес, Мемлекеттік туды көтеріп жүретін кеме экипажының құрамына шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға кіруге мүмкіндік берілген. Сонымен қатар, шетелдіктерге кеме капитаны, капитанның аға көмекшісі (старпом) және аға механик қызметін атқаруына шек қойылды.

Бірақ, бұл заңның күші, Ішкі істер, Көлік және коммуникация, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлерінің 2006 жылғы бірлескен бұйрықтарымен тоқтатылып, шетелдік азаматтарға капитан болу құқығы берілген. 2010 жылы ғана аталған 25-баптың қолданысқа ену мерзіміне 2025 жылға дейін Заң деңгейінде мораторий жарияланды!

Тағы бір атап өтетін жәйт – 2001 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен сауда мақсатында теңізде жүзуді дамыту Концепциясы қабылданған болатын. Осы Концепцияда, сауда теңіз флотына басқарушы құрам және кеме капитандарының, механиктерінің және тағы да басқа жоғары білікті кадрлардың қажет екендігі, олардың білімдерін жетілдіру және тәжрибемен алмасу үшін көшбасшы порттар мен арнайы оқу орындарына жіберу, сондай-ақ білім беру жүйесінде тиісті факультеттерді ашу арқылы теңіз флотының білікті мамандарын даярлау қажеттілігі баяндалып өткен болатын.

Алайда, 20 жыл уақыт өте келе Үкіметтің ресми құжатымен бекітілген Концепцияның мақсаттары орындалмай келеді. Бүгінгі күні Қазақстан теңіз флотына мамандар әзірлейтін, халықаралық аккредитациясы бар, тек бір ғана оқу орны бар – ол Қазақстан-Британ техникалық университетінің теңіз академиясы (ҚБТУ). Бірақ, кездесу барысында сайлаушылардың айтуынша, диплом алғаннан кейін, ол дипломға қосымша сертификат алу үшін, 1 млн. теңгеге жуық шығыны қажет екен. Салыстыра келсек, осындай сертификат Астрахан қаласында біздің ақшаға шаққанда 90 мыңдай теңге тұрады.



Қазіргі таңда, кемелердегі басқарушы құрамда қазақстандық азаматтардың үлесі тым аз. Капитан бола алатын 78 қазақстандық азамат, 54 старпом, 77 вахталық көмекші бар екен. Осы азаматтардың қаншасы мамандығы бойынша қызмет ететіндігі беймәлім. Бұл кадрлар 300 кеменің көп болса алтыдан бір пайызын ұлттық басқарушы кадрлармен қамтуға жетеді.

Елімізде теңіз мамандарының тапшылығы – мемлекет тарапынан кеме иелерін жергілікті кадрларды дайындауға ынталандыру шарасы жоқтығынан туындап отыр. Өзіміз сияқты Теңізге қарап өсіп, капитан болсам деген қазақтың қара балаларының арманын орындауға қашан жол ашамыз? Әлде, өз кемелеріміздің тізгінін шетелдік капитандарға әрі қарай ұстата береміз бе?

Осыған байланысты, құрметті Роман Васильевич:

1. Қазақстанның оқу орындарында жеткілікті мамандар дайындау үшін тиісті факультеттер ашуды;

2. Теңіз сауда флотына, ұлттық кадрларды даярлау және олардың дипломдарын сертификациялау жұмысын елімізде жүйеге қоюды;

3. Осы салада қазіргі кезде дайын кадрлар бойынша сараптама жүргізіп, оларды мамандығына (квалификациясына) сай жұмыспен қамтуды;

4. Сонымен қатар, мораторий аяқталған уақытқа дейін(!), қазақстандық кемелерді ұлттық мамандармен қамтамасыз ету жұмысын үдетуді сұраймыз.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**

*«Ақ жол» демократиялық партиясының баспасөз қызметі*

KDIF Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры Казахстанский фонд гарантирования депозитов

**Қандай жүйеде өмір сүрсек те, әсіресе қазіргі нарықтық экономика жағдайында қаржы мәселесі шешуші рөл атқаратыны баршаға белгілі. Қаржысыз ешқандай экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де проблемалар шешілмейді, айналып келгенде бәрі де қаржыға келіп тіреледі. Сондықтан сауатты, ұтымды қаржылық саясат жүргізуге міндеттіміз. Сонда ғана адамдарымыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарып, қоғамымыз қарыштап дамитын болады.**



# ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ – САЛЫМШЫЛАРДЫҢ СЕНІМІН АРТТЫРАДЫ



Әрине, қаржы саласы өте күрделі. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдениет және өзге де толып жатқан салаларды қаржыландыру арқылы дамытуға болады. Оның қайсысына басымдық бере отырып, бөлінген қаржыны белгіленген мақсатта тиімді пайдалану өз алдына жеке әңгіме. Онымен үкімет, оның құрамындағы түрлі министрліктер айналысуға тиісті. Ал осының бәрін қаржыландыру тікелей Ұлттық банктің міндеті. Оған қарасты түрлі деңгейдегі банктердің атқарар жұмысы да шешуші рөл атқарады.

Біздің бүгінгі әңгімеміз қолда бар қаржыны сақтау, оны көбейту, банк тілімен айтқанда депозиттерге кепілдік беру жайында болмақ. Бұл жұмыстың жеке азаматтар үшін де, ірілі-уақты ұйымдар, компаниялар үшін де маңызы зор. Өйткені түрлі саяси-экономикалық жағдайларға қатысты қаржы саласы да инфляция сияқты қиындықтарға тап болуы әбден мүмкін. Осындай қиын-қыстау кезеңдерге банк жүйесі дайын болып, өз салымшыларын қатерлерден сақтандыруы керек. Сонда ғана салымшылардың сеніміне ие болып, банк беделі халық алдында жоғары болмақ.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі әлемнің көптеген елдерінде қолданылады. Бүгінде ресми деректер бойынша бұл жүйе 140 астам мемлекетте жұмыс істейді және салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Аталмыш жүйе елімізде 1999 жылдан бері жұмыс істеп келеді және оның басты операторы – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ. Ол 1999 жылы 15 қарашада Қазақстан қаржыгерлерінің алғашқы конгресінде құрылған. Қордың құрылтайшысы және жалғыз акционері - Қазақстанның Ұлттық Банкі (100%).

«Қордың алдына қойған мақсаты – отандық қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге белсене қатысу және лицензиясынан айырылған, жүйеге қатысушы банктердің салымшыларына өтем төлеу арқылы олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау», - деді өз сөзінде Қордың Төрағасы Әділ Өтембаев. Оның айтуынша депозиттерге кепілдік беру жүйесінің басты қағидалары: жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу қызметін атқаратын банктердің (шетелдік банктердің филиалдарының) жүйеге қатысу міндеттілігі; жүйенің айқындылығын қамтамасыз ету; жүйенің жұмыс істеуіне қатысты тәуекелдерді азайту; өтем төлеу үшін арнайы резервті негізінен жүйеге қатысушы банктердің жарналары есебінен қалыптастыру.

Қазіргі уақытта елімізде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне екінші деңгейдегі 20 банк қатысады. Олардың тізімі Қордың kdif.kz сайтында көрсетілген. Олардан басқа екі Ислам банкі - «Al Hilal» Ислам банкі» АҚ пен «Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ бұл жүйеге қатыспайды.

Жүйенің нысандары: жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің (мемлекеттік кіріс органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркелген азаматтардың) банк шоттарында ұлттық және шетел валютасындағы депозиттері және солар бойынша банк лицензиясынан айырылған күнге қарай есептелген сыйақылар.

«Қор өзіне жүктелген міндеттерді ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Қазіргі уақытта барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған екінші деңгейдегі 9 банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеуді жалғастыруда. Олар: «Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ. Солардың ішінде бірқатар банктердің салымшылары өздеріне тиесілі өтемді алу үшін агент банкке, басқалары тікелей Қорға жүгінеді. Агент банк қызметін атқаратын банктер өтемді Қордың атынан және есебінен төлейді және олардың тізімі kdif.kz сайтында қолжетімді» - деді Әділ Нұрланұлы.

2022 жылдың 1 мамырына қарай барлығы 150 мыңға жуық салымшыға 113,5 млрд астам теңгеге өтем төленді.

Қор салымшылар үшін кепілдік берілген өтемді төлеу тәртібін оңайлату аясында 2021 жылы Төлемдердің электрондық порталын (ТЭП) іске қосты. Оған Қор сайты арқылы кіруге болады. Осылайша лицензиясынан айырылған барлық банктердің салымшылары төлем алуға өтінішті онлайн түрінде бере алады. Бұл салымшылар үшін төлем алудың анағұрлым ыңғайлы және қауіпсіз тәсілі. Өтемді онлайн алу үшін салымшыда электрондық цифрлық қолтаңбаның өзекті кілті болуы керек. Әрі қарай ол бейне-тексеру немесе SMS-код арқылы анықтап тану рәсімінен өтеді. Бұл ретте SMS-кодты алу үшін салымшылар ұялы телефондарын мобильді азаматтар базасында тіркеуі керек. Өтем ақша салымшының өтінішінде көрсетілген банк шотына өтініш берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде төленеді. Бұл ретте Қор Төрағасының айтуынша салымшылар және олардың заңды өкілдері, мұрагерлері және басқа да құқық иеленушілері үшін тікелей агент банкке барып, өтінішті жазбаша түрде беру арқылы өтем алу тәртібі сақталады.

«Мұнда олар өтемді қолма-қол ақшамен алуға, басқа банкке аударуға немесе сол банкте жаңа депозитке салуға құқылы. Ал өтем төлеуге өтініш қабылдау мерзімі – өтемді төлеу басталған күннен бастап 1 (бір) жылды құрайды. Бұл ретте «Capital Bank Kazakhstan» АҚ салымшылары бойынша өтем төлеу мерзімі соңғы күнін қоса алғанда 2022 жылдың 3 шілдесіне дейінгі аралықты қамтитындығын айта кеткен жөн». – деді Әділ Нұрланұлы.

Егер салымшылар бір жыл ішінде ақшаларын алып үлгермесе, төлем мерзімі аяқталған соң, Қор талап етілмеген өтем сомаларын күнтізбелік 30 күн ішінде салымшылардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған жеке зейнетақы шоттарына ерікті зейнетақы жарналары ретінде аударады. Еер мұндай шот жоқ болса, ол автоматты түрде ашылады. Заңнамада көзделген дәлелді себептерге байланысты өтем алып үлгермеген салымшылар жазбаша өтініш пен растаушы құжаттарды ұсына отырып, ақшаларын Қордан алуға құқылы.

Қордың кепілдіктері:

• салымдардың барлық түрлеріне (мерзімсіз, мерзімді және жинақ), сондай-ақ талап етілгенге дейінгі салымдар мен шартты салымдарға;

• салымдар бойынша банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру күніне қарай есептелген сыйақыларға;

• ағымдағы шоттарға;

• төлем карточкаларындағы ақшаларға қолданылады.

Қордың кепілдігі қолданылмайтын қаржы құралдары да бар. Олар: депозиттік сертификаттар, ислам банктеріндегі салымдар, жеке тұлғалардың металл шоттары, банк ұяшықтарында сақталуда жатқан ақшалар мен құнды заттар және заңды тұлғалардың депозиттері.

Кепілдік берілген өтем сомасының көлемі салымның түрі мен валютасына тәуелді. Яғни бұл сома:

• шетел валютасындағы депозиттердің барлық түрі бойынша – 5 миллион теңгеден;

• жинақ салымнан басқа, теңгедегі мерзімсіз және мерзімді салымдар, талап етілмелі салымдар, төлем карточкалары мен ағымдағы банк шоттары бойынша – 10 миллион теңгеден;

• теңгедегі жинақ салымдар бойынша – 20 миллион теңгеден асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте түрі мен валютасына қарай әртүрлі бірнеше депозиті, олардың ішінде жинақ салымы да бар болса, олар бойынша Қор кепілдік беретін ең жоғары жиынтық сома – 20 миллион теңге. Бұл ретте әрбір салым түрі бойынша бекітілген максималды өтем сомасы ескеріледі.

Шетел валютасындағы салымдардың өтем ақшасы банк лицензиясынан айырылған күнгі айырбас бағамы бойынша теңгемен есептеледі. Бұдан басқа салымшы бір емес бірнеше банкте депозиттер ашқан жағдайда, кепілдік берілген өтем әрбір банк бойынша жеке-жеке төленеді.

Әділ Нұрланұлының айтуынша әрбір салым түрі бойынша төленетін өтем ақша сол салым түрі бойынша бекітілген максималды өтем сомасынан асырылмайды. Бұл ретте салымшы бір емес, бірнеше банкте әр түрлі депозиттер ашқан жағдайда, Қор жиынтық өтем сомасын әрбір банк бойынша жеке-жеке есептеп төлейді.

«Қордың арнайы резервінде жинақталған қаражаттың көлемі биылғы жыл басынан бері 1,6%-ға ұлғайып, шамамен 864 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырар болсақ, ол 6,6%-ға өсті. Қордың жарғылық капиталының 70%-ын қосқанда, арнайы резервтің жиынтық көлемі тұрғындардың депозиттерінің 6,6%-ына тең. Яғни заңнамада белгіленген 5%-дық деңгейден жоғары және салымшылардың шоттарының 99,8%-ын толық көлемде қамти алады», - деді Әділ Өтембаев.

Сонымен қатар Қор банктерге ай сайын теңгелік салымдар бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерін ұсынып отырады. Бұл банктерге ақшаның нарықтағы құны өзгерген жағдайда салымдар бойынша сыйақылардың мөлшерлемесін де өзгертіп, олардың тиімділігі мен шынайылығын арттыруларына мүмкіндік береді.

Ақшаны табу оңай емес екенін бәріміз білеміз, ол үшін тұрақты түрде тынбай еңбек ету қажет. Ал оны шығынсыз сақтау, ретін тауып өсіру одан да қиын. Бұл бағытта банк қызметін пайдалану тиімді екенін өмірлік тәжірибе көрсетіп отыр. Алдында айтқанымыздай, біздің елімізде салымшылардың қаржысына депозиттік кепілдік беру ісі дұрыс жолға қойылған, банк жүйесінің жұмысы да осыған негізделіп құрылған. Өйткені банк саласы үшін салымшылардың сеніміне ие болу – ең басты мақсат.

***Гүлмира САДЫҚ***

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН КӨКЖИЕГІ

**Он сегіз мың ғаламды алты-ақ күнде жаратқан ұлы Аршының Раббысы жер планетасындағы бүкіл пендесіне, күллі адамзат баласына мейірімі мен рахымын бірдей төгеді дейді. Сүйікті Қазақстанымның өткені мен келешегі туралы ойлап, өз Отанымды, туған өлкемді аузыма алған сайын маған кейде Тәңіріміз басқалардан гөрі, әсіресе, бізге көбірек бүйрегін бұратын сияқты көрінеді де тұрады.**

Самарқандық өзбек академиктің қазақ досына «Біздер, өзбек халқы құдай несібе үлестіргенде өз қолынан емес, біреулер арқылы алған екенбіз, ұдайы біреудің қолына қарайтынымыз содан, ал сіздер, қазақтар несібені құдайдың өз қолынан алғансыздар депті» деген сөздің шығуы да тегін емес.

Расымен де Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан, батысында Еділдің төменгі ағысынан, шығысында Алтай тауларына дейін үш мың километрге, солтүстіктегі Батыс Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне дейін мың алты жүз километрге созылып жатқан қазақ жері Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдеріне, Еділ өзені және Еділ-Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Мұхитқа тікелей шыға алмайтын мемлекеттердің ішіндегі ең үлкені, жер көлемі жағынан әлемде Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Үндістан және Австралиядан кейінгі тоғызыншы орынды алатын Қазақиямыздың табиғаты әр алуан, жері ұланғайыр. Климаты барынша континенталды саналатын оның жазира аумағында таулар да, ормантоғайлар да, кең жазықтар да бар. Сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар, минералдық ресурстар - еліміздің есепсіз байлығы. Байтақ жерімізде Менделеев кестесінің 99 элементі бар екендігін үнемі мақтаныш етеміз. Қазақстан мұнай қоры бойынша әлемнің көптеген мұнай өндіруші елдерінен алда тұр дейміз. Хромның әлемдік қорының жартысынан астамы Қазақстан аумағында болса, одан өзге де қорғасын, мырыш, мыс, алтын мен күмістің бай қоры бізден табылады. Жетекші өнеркәсіп салаларының қатарына түсті және қара металлургия жатады. Жоғары сапалы мыс пен мырыш, қорғасын мен кадмий әлемдік нарықта үлкен сұранысқа ие. Дәнді дақылдар, оның ішінде астық өнімдерінің, азық-түлік пен техникалық дақылдардың да (күнбағыс, мақта) ірі өндірушісі саналатын мемлекетіміздің ауыл шаруашылығындағы негізгі салаларының бірі – мал шаруашылығы екені де белгілі. Ол жеңіл өнеркәсібімізді шикізатпен, халқымызды тамақ өнімдерімен қамтамасыз етеді.

Міне, осындай ұлан даланың бір ғана иесі, біртұтас халқы өзінің тәуелсіздігін алғанда әлемнің ең алдымен алпауыт елдері сілекейін шұбырта қарағанын қалай ұмытамыз.

Кеңестік дәуірдің қоғамдық формациясы ыдырап, он бес одақтас ел мен бірнеше автономиялы республикалар балапан басымен, тұрымтай тұсымен жан-жаққа тымтырақай шашырап, лықси төгіле, тарыдай шашыла жөнелгенде, етек-жеңін жинап, есін бірден жия қалғандар саусақпен санарлық та емес-тін. Соған қарамастан, өз халқының ауызбірлігі мен сүттей ұйыған татулығына арқа сүйеген жас мемлекетіміз бұлыңғыр болашаққа зор сеніммен нық қадам баса отырып, әлем деңгейінде таңғажайып адымдар жасады. Тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап көпвекторлы саясатқа иек артатынын, жаһандық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты ту етіп ұстайтынын төрткүл дүниеге мәлімдеген Қазақстан осы ұстанымынан күні бүгінге дейін айныған жоқ. Осы тұрғыда мемлекетіміздің әр жылдары жиі-жиі көтерген бастамалары халықаралық қоғамдастық тарапынан жоғары бағаланылып, қызу қолдауға ие болып отырды.



Қазақстанның жаһандық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында ең алғаш көтеріп, іске асырған бастамаларының ішіндегі Семей полигонын жауып, ядролық қарудан бас тарту туралы бастамасы басқалардың да ядролық қарусыздануға қатысты маңызды шешім қабылдауларына тікелей ықпал еткені есте. Одақ тарағаннан кейінгі елдердің егемендігін күмәнмен қабылдағандар үшін Қазақстанның өз ядролық мол арсеналынан түбегейлі бас тартуы күтпеген қадам еді. Батыстың бетке ұстар дипломаттарының ұйқысын қашырған Қазақстанның оқтұмсықтары залалсыздандырылып, полигонды жабу туралы 1991 жылдың 29 тамызында Жарлыққа қол қойылғанда Халықаралық ұйымдар бұрынсоңды тарихта болмаған тың және батыл бастаманы еріктен тыс, бөріктерін аспанға ата мойындады. Ал 2009 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Қазақстан тарапының ұсынысы негізінде осы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні деп жариялады. БҰҰ-ның сол кездегі Бас хатшысы Пан Ги Мун айтқандай, бейбітшіл Қазақстан Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақты құру бастамасын ілгерілетуге бірінші боп ықпал етті. БҰҰ Бас хатшысы лауазымын атқарған Кофи Аннан да еліміздің бастамасын «1991 жылы Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы және сынақ полигонын жабуы ядролық қарусыздандыру мен оны таратпау бойынша жаһандық талпыныстарға елеулі үлес қосты» деп жоғары бағалаған болатын.

Біздің мемлекетімізді әлемге танытқан жаһандық бастамалардың бірегейі Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) құрылуы және Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы. Екі ұйымның да құрылуына мұрындық болуы Қазақстанның әлемдік аренадағы «тоғызыншы территория» ретіндегі де беделін арттыра түскен-тұғын. Уақыт АӨСШК процесінің өзектілігін көрсетті. Оның аясында саяси диалогты институттандыру және азиялық мемлекеттерді жаңа саяси жағдайға бейімдеу жүргізіледі. Бүгінгі күні идеядан практикаға ауысып, нақты жұмыс істейтін құрылымға айналған АӨСШК – тыңға түрен салған, түрлі жағдайға дайын бірегей форум екендігімен ерекшеленеді. Шанхай ынтымақтастық ұйымы да кейінгі кезде аймақтық деңгейде ғана емес, дүниежүзілік ауқымда серпінді түрде дамыған көп салалы, жетекші ынтымақтастық ұйымдардың біріне айналды. Қазіргі таңда ШЫҰ саяси дипломатиялық сипатына сәйкес, тұрақты түрде нығайып келеді.

Әлемде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – татулық пен өзара келісім орнату. Бұл бағыттағы Қазақстанның дінаралық және өркениетаралық диалог өрбітудегі маңызды бастамасы – 2003 жылдан бері шақырылып келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі. Өз жерінде түрлі этностар мен дін өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан Қазақстан ел ордасында бір үстелдің басында мұсылман, христиан, буддизм, иудаизм және басқа да діндердің қайраткерлерін жинап, өзекті халықаралық мәселелерді бірлесіп шешу жолдарын талқылауға мүмкіндік жасады.

Сондай-ақ, «Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт (ЯСЖТШ)», АТОМ жобасын құру, Орталық Азияны ядролық қарудан азат аймаққа айналдыру, Қазақстан мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) арасындағы келісім, БҰҰ-ның ядролық қарусыз әлем туралы жалпы декларациясын қабылдау, «Әлем. XXI ғасыр» манифесі, әлемдік қауымдастыққа ядролық қарусыз әлем құру үшін келісілген әрекет жасасуға шақыратын соғыс пен қақтығыс вирусымен күресу стратегиясын ұсыну, «G-Global» идеясы, ДСҰ-ға кіру секілді, Қазақстан Республикасының бітімгершілік аясындағы әлем назарын аударған басқа да көптеген жаһандық бастамалары күн тәртібінен ешқашан түсуге тиіс емес, қашан да жаһан тыныштығын көздейтін, бітімгершілік мүддесіндегі игі де ізгі бастамалар. Бүкіл әлемді, дүн-дүнияны бітімгершілік мақсаттың мұратына жеткізу әрі оны көздің қарашығындай сақтау жолындағы ең маңызды шараларды жүзеге асырып отырған Қазақстан мемлекеті міне, осындай жаһандық бастамаларымен шартарап алдында зор беделге жетіп, үлкен абыройға ие боп үлгерген мемлекет. Енді тек осы бағыттан ауытқымай, сыртқы саяси әлем аренасындағы тепе-теңдікті ұдайы үдерісте бір қалыпты ұстап тұруымыз үшін, ішкі саясатымыздағы ахуал көп рөл атқармақ.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жолдауында көрсетілген бағдарларда да негізінен осыған басымдық берілген. Бір екі-үш жыл бұрын денсаулықтың қадірін, бір екі-үш ай бұрын бейбітшіліктің қадірін білген біздердің өміріміз, ауыл-аймақтарымыз бен барлық өңірімізге алда болатын Референдум да үлкен өзгеріс әкелмек. Бастысы, азаматтарымыз Референдумның сайлау емес, дауыс беру екендігін білуі маңызды. Қазақстанның ішкі саясатын қайта құрып, мемлекетіміздің мүдделерін жаңа арнаға түсіруіміз үшін қоғамның әрбір мүшесіне жеке-жеке берілген бұл мүмкіндікті ешбіріміз мүлт жіберіп алмауымыз керек. «Биліктің біркатар өкілеттігін қайта бөлу», «Халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту», «Парламенттің рөлі мен мәртебесінің өзгеруі», «Суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне өту», «Азаматтардың құқын қорғау тетіктерін күшейту» секілді салмақты тармақтары арқылы бөз бұрынғы бағыт-бағдары түбірімен дерлік түбегейлі өзгеретін Конституциялық реформа осынысымен құнды.

**Үміт БИТЕНОВА,**
**ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**
**«AMANAT» партиясының Жамбыл облыстық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі**

# ЖАҢА ҚАЗАҚ ЕЛІН ҚҰРУ ҮШІН АДАЛ ТҰЛҒАЛАР ҚАЖЕТ

**Жемқор жүйенің негізгі кінәсі – тек жер үсті-асты қазынамызды ұрлағандары ғана емес, алдымен әділетті, бай және бақытты Тәуелсіз Қазақстан орнатамыз деген арман-мақсаттарымызды ұрлағандары емес пе?**
**Ел болатынымызға үміттерін үзген жастарымыздың өзі шет елдерге кетуді армандайды, көшудің жоспарларын құруда...**

Әрине, ұрлықы жүйенің көптеген «прорабтары» әлі де билікте отыр, олардың да кезектері келер деген үміттеміз. Үмітсіз шайтан деуші ме еді... Бірақ тек үміт қана емес, қазіргі партияларға немесе жаңа құрылайын деп жатқан ұйымдарға мүше болып, қоғамдық ұйымдар қатарына кіріп, харекет те етуіміз керек. Сонымен қатар, нағыз патриот – ұлтшылдар үшін, ел мүддесі қандай да бір партия мүдделерінен жоғары тұруы тиіс деген ойымды да білдіре кеткім келеді.

Әділет – Жаратушы иеміздің тоқсан тоғыз атының бірі делінеді. Әділетке кәміл сенсек, әліде билікте отырған, біріге ұрлаған, мемлекет мүддесін сатқан жандайшаптар да әлбет жауапқа тартылар. Елдегі өзгерістердің басы болған «Қанды қаңтар» Қазақ елінің есінен көпке дейін кетпес, оңайлықпен ұмтыла қоймас. Әділеттің құны өтелгенше дейін...

Қаңтардың құны – кінәсіз оққа ұшқандардың ақталып, ардақталуы. Бейбіт ереуілшілдердің жандарының бостан босқа оққа ұшпағандарының дәлелі ретінде, жалпы халықтың тұрмыс жағдайының еселеп өсуі. Ол тек ұрланған миллиардтардың қайтарылуы арқылы ғана болатынын барлығымыз біліп, сезінудеміз. Ол ақшалар халыққа тиесілі. Басқа да жол жоқ. Бірақ осы мақсатқа құрылған әлеуметтік арнайы қор не істеуде қазір өзі? Сол қорға ақшаларын бөлісер деген «біздің» миллиардерлер мен мультимиллионерлеріміздің үлестері қанша? Жауап беретін кез келді.

Халықтың өкпесі, үмітсіздігі әлі де бар. Жаңа Қазақстан идеясы іске асуы үшін, қолы кірленбеген жаңа есімдер өте қажет. Мемлекет басшысы осындай мамандарды қасына жинап, жаңа адамдар тауып, жедел әрекетке көшеді деген үміттеміз. Көшбасшымыздың көтерген жүгі өте ауыр екенін сезініп, қолдау жасаймыз. Бірақ уәделердің орындалуына берілген уақыттың тарылуы сезілмей жатқан жоқ. Жолдауда айтылған қисынды сөздің жергілікті билікке жетуі әлсіз. Өзгеріс аз. Ескі жүйені ауыстыруға бағытталған, барлық деңгейдегі билік өкілдерін реформаға еңбек сіңіруге «мәжбүрлейтін» заңдар қажет. Орындалуын міндеттейтін, жауапкершіліктері тізіліп жазылған қатал заңдар! Әйтпесе, жоғары мінбеден айтылған сөздер, атылған оқ болса да, нысанаға жетпей, ғайып болып жатқандай әсер туады...

**Бейбіт ҚҰЛМАҒАНБЕТ**

## 31-МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН және АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

**Тарихта әлі ашылмай жатқан неше бір заманға лайық азаматтар болған. Олар Кеңес өкіметінің өркендеуіне ғана емес, қоғамның дамуына да өзіндік үлестерін қосқан. Алайда 1931-1933 жылдары «халық жауы» атанып, өмірлері қуғын-сүргінде өткендер қаншама?! Тағдырлары қиындық пен азапты өмірдің алуан түрлерін де бастарынан кешірген бірі түрмеде өліп, енді бірі хабарсыз кетсе, тағы біреулері қашумен өткізген. Бұлардың ішінде бір ауылдан қамалғандар да аз болмағаны да шындық. Бірі тірі қалса, енді біреулері көп уақыт қуғын көріп, жақсы өмірді бастарынан өткізбеген. Сол адамдардың өмірбаяндарына үңілер болсақ, көбі сауатты, әрі ауылдың атқамінер азаматтары әрі зиялы да болған екен.**



Қашаған Елгезеков



Әлікен Сарсенбаев

# ҚУҒЫНМЕН ӨТКЕН ӨМІР

– 1930-шы жылдардың ашаршылығы нәубеті елге оңай тимегенде «халық жауы» деген жаламен ұсталғандар мен тергелгендердің арасында бізге жақын туысымыз Қашаған Елгезеков деген ағамыз болды, – дейді сексеннің сеңгіріне келген қария Дүнгенбай Қодасбайұлы бізбен әңгімелескенде.

– Ағамыз Кеңестің, содан кейін Қытайдың азаптау түрмесіне түсіп, бертінге дейін өмір сүрді. Бірақ халыққа жасаған еңбегі еленбеді, – деп Қашағанның өмір тарихы туралы біраз деректер айтқан болса, осындай қуғынды көрген Әлікен Сәрсенбаев деген кісінің тағдыры да Қашаған ұқсастығы жөнінде әңгіме еді.

Бір қызығы, екеуі де бір ауылда тұрыпты. Екеуі екі елдің түрмелеріне түсіп аман шығып, туған жерлерінен келген. Қария ол кісілерді көріп, араласқан.

Қашаған Елгезеков 1906 жылы қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданы Қайнар ауылында дүниеге келіпті. Кеңес өкіметі орнағанда Жаркентте оқып білім алып, комсомолға өтеді. Заманға лайық қызмет істеген. Айт ауылында комсомол хатшысы болып қызмет етеді. 1931-1933- жылдардағы ашаршылықта туысқандары Қытайға кетіп, шекара асқанда НКВД-ның адамдары Қашағанның артына түсіп, құдалай бастайды. Тергеуге алып, «қамамаймыз, соттаймыз» дегенде олардан әрең құтылып, Қытайдың шекарасынан өтіпті.

Шекараның арғы жағы да ол жылдары оңып тұрмағанын көзімен көреді. Қашқан елді қалмақтар тонап, малдары мен астарындағы аттарын тартып алып, тендіретіп жібергендердің куәсі болады. Бір отбасының мүшелері бір-бірінен ажырап, әр жаққа кеткендермен де кездескен. Өзі де қайда барарын білмей шекарадан өткен туысқандарын іздейді.

Шолақтерек деген ауылға келгенде 1916 жылғы ақ патшаның зұлымдық саясатынан Қытайға үріккеннен елден сол жақта қалған өзінің жақын туысы Сатқын зәңгіні тауып паналайды. Бірақ артынан қуғын түсіп, Сатқынның ауылына кісі жібергенін естігенде зәңгі Қашағанды жүк жинағыштың астына жасырып, біраз уақыт бой тасалатыпты. Дабырдың аяғы басылғанша Қашаған жүк жинайтынның астында жатқан. Ақыры Ақдала деген орыс ауылына барғанда құдалаудан құтылған. Ол жерде Кеңес өкіметінен қашып барып, өздері бір ауыл болып отырған орыстар тұрыпты. Қашаған орыс тілін білгендігі орыстарға көмегі тиген. Ауылда хатшылық қызметін атқарып, өзінің жақын туысқандарымен қауышқан. Аз уақыттан кейін Моңғолкүре ауданынына ауылшаруашылық банкінің бастығы болып қызмет істепті.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған жылдары Қытайдан отар-отар қой мен өгіздерді Кеңестің Сүмбе шекарасына өткізу жұмысына да араласып, басы-қасында жүрген. Алайда, Қытайдың Гомендаң өкіметі Қашағанды «Кеңестің адамы» деп Үрімжінің түрмесіне отырғызып бір- екі жыл қамап, сұраққа алыпты.

Түрмеде бір кісідей азапты көріп, құтылғаннан кейін 1949 жылы Құлжадағы Кеңес консулына қызметке тұрып, 1955 жылға дейін істейді. Сол жылдары 1931-1933 жылдары Кеңестен ауып келгендерді өздерінің туып-өскен Қазақстанға қайтару мақсатында Іле қазақ облысындағы Моңғолкүре, Текес және басқа аудандарда орналасқандарға Кеңестің қызыл паспортын таратып, көбін туған еліне оралуға мүмкіндік жасаған. Өзі де туған жерге оралуды ойластырып, 1955 жылы елге келіпті. Бірақ елге оралғандарды шекаралық аймаққа тұрғызбай Батыс Қазақстанның Оралына жіберіп, ол жақта Қашаған бір жылдай қызмет істеп жүргенде, шекара бұзған бандымен байланысы бар деген айып тағылып, ауылдағы бір отарлы қой бақтыруға жіберген екен. Қыста екі қасқа өгізге шана жегіп малға шөп шашып жүргенде бір танысы кездесіп, соның көмегімен туып-өскен жері Қайнарға келеді. Келген бойда колхозда қарапайым жұмыс істейді. Бірақ артынан тағы да құдалау түсіпті.

1962 жылы Крупская атындағы колхоздың төрағасы Сәрсенбай Байғұлов дүкен алдына аппақ киіз үй тікізіп, Алматы облысынан Рақымжан Қилыбаев деген өкілді күткен. Облыстан келген қонақ көптің алдында шығып: «Сәрсеке, мен саған келген жоқпын. Осында Қашаған Елгезеков деген азаматты іздеп келдім» деп жиылған ауыл адамдары ішінен оны ортаға шығарады. Оның Кеңес өкіметі орнаған жылдары комсомол жұмысында қызмет істеп, балалардың сауат ашуына және оқуына көп көмектесіп, жетім балаларды жиып, Жаркентке оқытқанын айта келіп, «Біз сияқты жастарға көмегі көп тиді, ақыл-кеңесін берді. Бәрімізге қамқоршы болды. Соның бірі мен едім. Мен Нарынқолда жетім болып жүргенімде қол ұшын берген кісі» деп Қашағанды дүйім жұртқа жете таныстырып, арнайы іздеп келгенін айтады. Жиын өтіп, Рақымжан Қилыбаев кеткен соң колхоздың төрағасы Қашағанды ауылдың қоймасына меңгеруші етіп қойған. Осыдан кейін оны құдалау тоқтап, өмірінің соңына дейін ауылда еңбек етіп, 75 жасында өмірден өтіпті.

«Қашаған Елгезековтің осындай еңбегін көп адамдар білмеді. Ал білгендер оның елі үшін еңбек етіп, ұлтқа деген жанашырлық көзқарасы жоғары бағалап, азаматтығын ертеде білгенімен оны айта алмады. Өйткені заман солай болды. Қашаған екі елдің түрмесіне түсіп, қуғын көрді» деген қария әңгімесі бізге зор әсер қалдырды.

Қашаған сияқты қашқын атанып, артынан қуғын түскен тағы бір адам Әлікен Сәрсенбаев деген кісі. Әлікен мен Қашаған бір ауылда өскен. Екеуінің тағдырлары да ұқсас. Әлікен де оқыған, әрі сөзге шешен кісі болыпты. Кеңес өкіметіне қызмет істеп, көріне бастағанда 1931-33 жылдары НКВД-ның тергеуіне түсіп, Қарағандың түрмесіне айдалыпты. Ол жақтан қашып келгенде қайта ұсталып, тағы да Қарағандыға апарған. Түрмеде жүріп, сол жақтың бір жесір әйелінің қызына қосылады. Осыдан кейін Әлікен енесі үшеуі Қайнар ауылына келеді. Ол жылдары ауылда үшінші бесжылдық басталып, Қайнар ауылы «Құрамыс» колхозы деп аталған кезі болса керек.

Ауыл Әлікеннің түрмеден ерте босап, үйленіп келгеніне біреу қуанса, әлде кімдер күдіктеніп, Сарыжаздағы әскери комендатураға бір ағайыны хабар беріп жіберіпті. Сезікті адамға Сарыжаздан әскер шығып, Әлікенді ұстамақ болғанда әйелі екеуі қашып, Қытайға өткен. Енесі ауылда жалғыз қалған. Қытайға кеткен Әлікеннің түрмеден мерзімінен бұрын шығуына өзі сияқты жолдастары көмектескен тәрізді.

Картоптан мөр жасап, ақталғандығы жөнінде құжат жасап келгендігі анықталған. Қытайға барған Әлікеннің артынан ол жақта да НКВД адамдары түсіп құдалапты да. Бірақ одан аман құтылып, 1956 жылы Қытайдан өзінің туып-өскен Қайнар ауылына екі әйелі және он бір баласымен оралады.

Ауылда қалған енесі күйеубаласы мен қызын Ескермес Абалов деген кісінің үйінде ұзақ күтіпті. Алайда күйеубаласын және қызын көре алмай 1955 жылы дүниеден өтіп кетіпті. Қытайдан жаңадан келген Әлікенді мұнда тағы да артынан кісі түсіп, тыныштық бермеген көрінеді. Тек оны бұрыннан танитын және өзімен қызметтес болғандар оның адал, өкіметке берілген адам екенін айтып, араға түскеннен кейін ғана құдалауды тоқтатыпты. Осыдан кейін колхоздың төрағасы Әлікенді шақырып алып, түйе бақташысы еткен екен.

Түйе баққан Әлікен өз жұмысына жауапты қарап, түйелердің көбеюіне өзіндік үлесін қосқан. Колхоздың озат түйешісі атанып, еңбегі де жоғары бағаланыпты. Тегін жолдамамен демалысқа жіберіп, жақсы демалған Әлікен Алматыға келгенде жазатайып машина қағып кеткен екен.

Тағдыры құдалаумен өткен Әлікен Сәрсенбаев Кеңес пен Қытайдың азапты түрмесін көп көріп, жазықсыз жазаланған жанның бірі болғанын замандастары білгенмен, оның сөзге шешен, тілмар болғандығын көп ешкім айтпаған. Бірақ өзінің «Өмірді қуып біз жүрміз, бізді қуып өлім жүр» деген сөзін ғана қалыпты. Қуғын көрген ол кісі 70 жасқа келгенде өмірден өтіпті.

Біз әңгіме еткен екі адамның тағдыры, міне, осындай. Бұл да 30-шы жылдардағы қуғын-сүргіннің әрекетінен қалған екі адамның тарихы. Ал бұдан басқа ашылмай жатқан қуғын көргендердің құпиялар қаншама?



**Жексен АЛПАРТЕГІ,**
**журналист**

# Қайран аймүйіз

**Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы Көркемсурет училищесінде төрт жыл бойы көз майын тамызып оқығанымызда, обалы кәні, сурет салудың қыр-сыры мен технологиясы ғана емес, Батыс пен Шығыстың өнер тарихын да бір кісідей біліп шыққанбыз. Содан есімде қалғаны – заманы бір, мақсаты бір, тілегі бір әріптестердің шығармашылық топтар құру үрдісі әр дәуірде болып тұрған көрінеді.**



Зерттеуші мамандардың айтуларынша, алдыңғы лектегі зиялы қауым өкілдерінен жасақталатын мұндай топтар қуаты кете бастаған, сарқынды су сияқты тұрып қалған қоғамда пайда болады екен. Олар өздері тап болған кертартпа қоғамға серпіліс жасап, баянды бағыт сілтеу, ілкімді іс қозғау мақсатында ұйымдасатын сияқты. Осылайша он тоғызыншы ғасырдың алпысыншы жылдары патшалық Ресей заманындағы атақты композиторлар бас қосып, шығармашылық әлеуеттерін бір арнаға тоғыстырған, сөйтіп «Могучая кучка» атты одақ құрған. М.А.Балакирев жетекшілік еткен бұл ұйымға А.П.Бородин, М.П.Мусоргский, Н.А.Риский-Корсаков сияқты өз заманының қабырғалы композиторлары енеді. Олар музыка өнерінде таза халықтық дәстүрді дамыта отырып, ұлттық стилді, ұлттық бояуды барынша қалыптастыру бағытында қыруар еңбек етіпті. Артынша, осы композиторлардың тәжірибесінен шабыт алған орыстың сұңғатшы суретшілері де «Передвижники» атты қоғам құрады. И.Н.Крамской бастаған бұл топтың құрамына И.Е.Репин, В.И.Суриков, В.Д.Поленов, И.И.Шишкин, В.М.Васнецов, И.И.Левитан сияқты аса дарынды қылқалам шеберлері кіреді. Олар да орыстың көркемсурет тарихында реформа жасап, оғанға дейінгі Библиялық сарындағы картиналарды жаза беруден үзілді-кесілді бас тартады. Тіпті кейбіреуі қалыптасқан сарынға қарсылық ретінде оқып жүрген Академияны тастап кетеді. Олар нақты өмірдегі бұқара халықтың тіршілік-тынысын бейнелеуге, олардың қордаланған проблемаларын ашып көрсетуге ұмтылады. Самодержавиелік Ресейдің өркениет көшін кері тартқан салт-жоралғыларын, империяда дами бастаған капитализмнің сыңаржақ келеңсіздіктерін, крепостниктік правоның әлі үзілмеген сарқыншақтарын өздерінің жазған картиналарында әшкере етіп көрсетеді.

Келесі, жиырмасыншы ғасырдың басында күллі Еуропаны ұлардай шулатып «футуристер» деген жаңа ағым пайда болады. Авангардтық бағытты ұстанған бұл топ болашақтың өнерін жасаймыз деген желеумен өткеннің көп дүниесін мансұқ етіп, жаңаша реформалар жасауға тырысады. Футуристер сол жылдарғы Ресейдің көркем әдебиетінің дамуына да айтарлықтай әсерін тигізеді.

Бүкіл империяны отқа ораған Қазан төңкерісі жылдары «Окно РОСТа» атты суретшілер мен ақын-жазушылардың бірлестігі құрылғаны да тарихтан мәлім. Олар өздерінің сатиралық плакаттарымен, ол жердегі мірдің оғындай өткір өлеңдерімен жан-жақтан анталаған ішкі-сыртқы жаулардың арам пиғылдарын әшкере етумен айналысады.

1929 жылы Америка Құрама Штаттарында «Джон Рид клубы» дейтін жазушылар мен жұмысшы тілшілердің тобы пайда болады. Осы топтың негізінде 1935 жылы американ жазушыларының лигасы құрылады.



**Әлібек АСҚАРОВ,**
**жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты**

Осы отызыншы жылдары Кеңес үкіметінде М.В.Куприянов, П.Н.Крылов, Н.А.Соколов деген талантты үш суретші «Кукрыниксы» атты шығармашылық топқа бірігіп, батыл да бетті сатиралық суреттерімен атақ пен даңққа бөленеді, сөйтіп ұзақ жылдар бойы өнікті еңбек етеді.

Біз есімізге түсірген, түсіре алмай ұмыт қалған мұндай мысалдардың көбісі Ресей мен Еуропаға қатысты деректер болып отыр. Ендеше, «өзіміздің қазақ топырағында осы мәндес, осы мазмұндас шығармашылық топтар болды ма?» деген сұрақ туады.

Қазақтың төл әдебиеті қиын да қидалы жолдан өткені бәрімізге белгілі. Сырттай бәрі жақсы көрінгенімен, ол шын мәнінде әлеуметтік тоқырауға тап болған, өтірік мақтау мен жалған марапат үстемдік құрған тауқыметті дәуренді басынан өткерді. Идеологиялық итжығыс заманында білім әлемдік болғанымен, зиялы азаматтар тәрбие ұлттық болуы жөнінде күресіп бақты. Тіл болашағы бұлыңғыр тартып, қалаларда қазақ мектептері жаппай жабылып жатты. Туған тілін рухтың үні санайтын, сөзді жанның тілі, ән мен күйді жүректің тілі деп білетін халқымыздың болмысы орасан тауқыметке ұшырады. Тілмен бірге халқымыздың тарихы өрескел бұрмаланды, салт-дәстүріне тұсау салынып, қазақтың Ел ретіндегі тағдырына қауіп төне бастады. Империялық кеңкелес идеологияға төлдей телмеңдеген санасыз ұрпақтың жарымжандығын байқап, төтеннен келген нәубетті сезген жіптіктей жұтынған зиялы жігіттердің (заңды түрде құжатталмаса да) шығармашылық топтар құруының негізгі себебі осы еді. Содан олар әлеуметтік бейімделуден сақтап, күшігінен таланған тайқы маңдай қазақ жастарын азаматтық есеюге шақырды. КГБ-нің қатаң бақылауында отырған тоталитарлық қоғамда ауыз ашуға болмайтын, айттырмайтын да, жаздырмайтын да тақырыптар молынан болатын. Солардың өңін айналдырып, тұспалдап болса да бұқара халыққа жеткізуге, санасына сіңіруге тырысты.

Соның алғашқысы Қалихан Ысқақ, Әкім Тарази, Сайын Мұратбек, Қабдеш Жұмаділов, Рамазан Тоқтаров бастаған жазушылардың «Бес тапал» атты шығармашылық ұйымы. Бұл топтың шығармашылық лабораторияларынан біздің хабарымыз шамалы. Алайда, бұл ағаларымыз да отырған жерін биіктеткен үлкен көштің адамдары екенін білетінбіз. Қалихан ағамыздың өз аузынан әредік естіп қалған әңгімелер де жадымызда. Бұл топ әсіресе бір-бірінің жаңа романдары мен жаңадан жазылған пьесаларын үнемі ортаға салып, ұлттық мәселелерге барынша назар аудара талқыласады екен. Талқыға салғанда бетің бар, жүзің бар демей, бір-біріне қатты айтатын сияқты, батырып айтатын сияқты. Тіпті кейде бет жыртысып, бірін-бірі біршама уақыт көрмей кететін де естідік. Осы топтан мықты романистер, дарынды прозашылар мен драматургтердің шығуына әлгіндей қатаң талқылаулар зор әсер етсе керек.

Ал, Оралхан Бөкей ұйымдастырған «Жеті жетім» атты шығармашылық топтағы ағаларыммен мен де қауырсын қанат күнімнен көп араластым. Інісі боп талай жыл олардың қастарында араласып бірге жүрдім.

Жалпы мұндай шығармашыл топтар жастары қарайлас, достық қарым-қатынастың сәні мен салтанаты жарасқан, отбастарымен аралас-құралас жігіттерден топталатыны белгілі. Замандас деген де шартты дүние. Ой-мақсаттары үйлесім тапқан, тілектері ұқсас, ниеттері ортақ шын достардан ғана жасақталмақ.

Жетімдердің үлкені Кәрібай Ахметбеков еді. Топтың құрамында Серік Әбдірайымов, Бексұлтан Нұржеке, Кәдірбек Сегізбаев, Қуанышбай Құрманғали, Ақселеу Сейдімбек пен Оралханның өзі бар-тын. Кейде бұл топтың кездесулерінде Әшірбек Сығай, Асанәлі Әшімов, Сағат Әшімбаев ағаларымызды да жиі көретінбіз. Бәрі де қарапайым ауылда туып, ауылда өскен, жалаң аяқ жар кешіп ержеткен, ана тілінің кәусарымен тұшынып, мәйегін емген, құнарына қаныққан талантты қаламгерлер сойынан-тұғын. Олардың жазған-сызған дүниелері де қазақ сөзінің құнарынан, көркем сөздің жұпарынан болып келетіні де сондықтан.

Топтарының атын әзіл ретінде қойса да бұл жігіттердің мақсаттары айқын, мүдделері ортақ болды. Осы жағдайды ескеріп, оларды уақыт толғағы дүниеге әкелген тұлғалар бірлестігі деуімізге толық негіз бар.

Оралханның «Жеті жетімі» – соғыс жылдарында туып, одан кейінгі қиын-қыстау заманды, жоқшылық дәуренді бастарынан өткерген жалаңқая ұрпақ еді. Шын мәнінде олардың бәрі де әке-шешелерін ертерек «жұтып», жастайынан жоқ-жітік тұрмыстың ащы дәмін татқан, кедейшілік-кембағал заманда өскен жетімектер болатын. Осы жетеуі бас қосқан жиындарына мен де талай куәмін. Жік-жапар болып шығармашылық тұрғыда өңеш жыртып айтысып жататын, жаңа жазылған туындыларын ортаға салып, қызыл кеңірдек болып талқылап жататын. Кейде Мәскеуден шыққан жаңа бір кітапты мысалға алып, оның әдебиет айдынындағы жаңалығымен бөлісіп жататын. Біршама жыл Ақселеудің орынбасары болып қасында жүрген соң, ағаларымның басқосуынан кейін менің де көп нәрсеге көзім ашылғандай болатын. Есімде сақталғаны – «Жетімдер» өз шығармаларында ұлтымызды жегі құрттай ішімізден жеген үш проблемамен аяусыз күресіп бақты. Сөйтіп, төл әдебиетімізге ешкімге ұқсамайтын, буырқанған бояуы қалың, шабытты серпін әкелді. Олар – Этностық томаға тұйықтықтан, сондай-ақ ұлттық тар шеңберде шектелуден арылу; Ішкі менмендік пен әулекі мақтаншақтыққа тұсау салу; Сыртқы экспансиямен жасырын күрес жүргізу. Айналада аймаласқан дос та көп, аңдысқан қас та көп коммунистер үстемдік құрған тар кепеш замана ғой. Осылардың алғашқы екеуін жөнге салмай, соңғысын жүзеге асыру мүмкін еместігін, кекірігі азған кеңкелес кезең дәуірінде қия бастырып, азаматты жарға жығарын сөз етісетін.

Осындай пікірталаста Оралханның көршісі көсем сөзді ақторғындай ағамыз Сағат Әшімбаевты да жиі көретінмін. Сағат ағамыз өркениет үрдісіндегі ойшыл сыншы, оқымаған кітабы сирек, батыс пен шығыстың әдебиетін шақпақша шағатын аузы дуалы білімдардың бірі. Ана жетеуіне қарағанда кітапты көбірек оқығасын талқыға салатын идеяның көкпарын осы ағамыз ортаға тастайтын. Сол-ақ екен, «сен тұр мен атайын» дегендей, сөйлеп бергенде алдарына жан салмайтын сайдың тасындай ағаларымның таласын тыңда да отыр. Өзің естімеген талай жаңалыққа қанығасың, университет бермейтін білімді осы жерден алып шыққандай күй кешесің.

«Жетімдердің» ішіндегі өзгелердей жалт-жұлт жарқылдақ емес, мінезі орнықты, жүрісі маңғаз санаулы саңлақтың бірі Қуанышбай ағамыз еді. Маған ол кісі үстінен үйірлі жылқы шауып өтсе де мыңқ етпейтін салқын сабыр иесіндей көрінетін. Өзгелерге қарағанда ұстамды, әңгімеге араласып өзеурей бермейді, оқта-текте отырған достарын елең еткізіп бірер сөзді айтады да қояды. Елең еткізетіні – айтқан сөзі дәлелді, тастай. Сондықтан да сөз таластырған достары оның сирек айтылған пікірімен санасатынын, құрмет тұтатынын байқадым.

Дастарқан басынан асықпай кеш тұратын да осы Қуанышбай ағамыз еді. Өйткені ол құба шайды сораптап, байыппен рахаттанып ұзақ ішеді. Ағамыздың шайқорлығын білетін Кәдірбек досы: «Қуанышбайдың келіншегіне грелка керегі жоқ, ол шай толтырған қарнымен-ақ келіншегін де, үй ішін де жылытып жатады» деп әзілдейтін.

Бексұлтан ағамыз болса екі сөзінің бірінде Қуанышбайды мысалға алып, әңгімесін дәмін сол құрдасының атымен тұздықтап, жұртты қыран-топан күлкіге батырып жүргені. Қуанышбай туралы Серік ағамыздың да әзіл-қалжыңдарын талай естігем. Мейлі, кім не деп жатса да олардың сөзіне

құлақ қойып жатқан Қуанышбай ағамды көрмедім. Ыстық шайын сораптап, тершіген маңдайын орамалымен желпіп қойып, бәріне шыдап бағады, бүлк епей отыра береді.

– Қуан-аға, мына достарыңызға сіз де бірдеңе деп уәжді жауап қайтармайсыз ба? – дедім бірде мен шыдамай ағамызға жаным ашып.

– Қайтесің оларды? Сөзді бекер шығындап... өңкей сайқымазақ қырттар, айта беред те! – деп Қуанышбай ағамыз қолын бірақ сілтеді.

Ағамыздың осы жаймашуақ кеңдігін, сабырлы мінезін жарықтық Оралхан жақсы көруші еді. Оралхан ғана емес, «жетімдердің» бәрі де Қуанышбайды қадірлейтін, ерекше сыйлайтын. Әлгі ауыздарынан тастамай достарының айтып жүретін әзіл-қалжыңдары Қуанышбайды сөзбен түйрегендері емес, оған еркелегендей, оны еркелеткендей көрінуші еді. Қуанышбайдың да осы сайқымазақ достарына деген көңілі алабөтен болатын. Әсіресе Оралханға деген ілтипаты ерекше екенін білетінмін.

белгілі бір уақыт сынынан өту керек, содан кейін жасырын дауыс беру арқылы ғана сайланасыз» – деп жауап беріпті.

Солай деп қалжыңдасып жүргенде ақ көйлекті ақжолтай туған Оралхан ағамыз 1993 жылы мамыр айында Үндістанда іссапарда жүрген жерінде дүние салады. Оралханнан соң «жетімдердің» байырғы балдәурен заманының қызығы кетіп, базары тарқай бастағаны сезілген. Сосын-ақ талма түсте тұтылған күндей қаралы жылдардың легі басталып жөнеліп берген... Арада жыл өткен соң бәрін бауырына тартып жүретін тілеуі жақсы, жайсаң мінез Кәрібай ағамыз өмірден өтеді. Артынша тас талауы сыртында, жүрегі сәуле шашқан ақкөңіл Серік ағамыз қайтады. Деп қайғырысып жүргенде Астанада тұратын Ақселеу күллі қазақ қоғамын аза тұттырып, аяқ астынан қайтыс болады. Сол Ақселеуді мәңгілік сапарына шығарып салғаннан кейін, қалған достары жиналған кейінгі бір басқосуда Асанәлі: «Мына сендердің беталыстарың жаман

■ АРНАУ

## АРДАҚТЫ АҒА, ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

### *(Қуанышбай Құрманғали рухына)*

*Қуан аға!*
*Қаламгер Қуанышбай,*
*Сөзімді жеткіземін саған қалай?!*
*Сексен жасқа жақындап қалғаныңда*
*Кете бардың артыңа қарайламай.*

*Өзіңдей мен де бір кез ақын болғам,*
*Соны ойлап, қолыма алдым қалам.*
*Ағаң жайлы естелік жазарсың деп*
*Аманат қалдырғандай болдың маған.*

*Тұлға едің таңырқайтын, бас иетін,*
*Көрсең де жетімдіктің қасіретін,*
*Жаныңа, жүрегіңе дарытқансың,*
*Шынайы азаматтың қасиетін*

*Қиындықпен өткен соң балалығың.*
*Жақсы менен жаманның аралығын*
*Ерте аңғарып,*
*Бойына сіңірипсің,*
*Қазақтың ана тілін, даналығын.*

*Жайсаң мінез жан едің,*
*жүзі нұрлы,*
*Бір сырлы, дарыны бар сегіз қырлы.*
*Жұрт алдына шыққанда көзі жайнап,*
*Әзіл, қалжың айтатын неше түрлі.*

*Жасыңнан әсем ойлы ақын болдың,*
*Қара маржан сөзге де жақын болдың.*

*Жер ортасы жасына жеткен кезде,*
*Сыр семсерін ұстаған батыр болдың.*

*Ешкіммен ауыр сөзге барыспадың,*
*Ренжіссе біреулер табыстырдың.*
*Жазғанын жазушының талдап, айтып,*
*Оқырманға ойлантып таныстырдың.*

*Сөздің мәнін түсініп жүрегіңмен,*
*Сын айтушы ең шынайы тілегіңмен,*
*Байлыққа да, атаққа қызықпастан,*
*Қарапайым күн кешіп жүретін ең.*

*Атыңа сай Қуаныш болдың бізге,*
*Деуші едің, «Ештеңеден күдер үзбе!»*
*Жадыратып, жайнатып кетуші едің,*
*Қалғандай боп жүрсек біз құла түзде.*

*Аға едің арқа сүйер асқар таудай,*
*Кете бардың артыңа қарайламай.*
*Өкініштен өртеніп қала бердік,*
*Асыл жаннан айырылып абайламай.*

*Елге арнаған еңбегің ақталады,*
*Ұмытылмайды, сан рет мақталады.*
*Құрманғали ұрпағы Қуанышбай,*
*Есімі мәңгілікке сақталады.*

**Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ,**
**жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

# МЕНІҢ *ағаларым!*



*Фото - Жазушы әріптестері Ш. Мұртаза, Т. Молдағалиев, С. Әбдірайымовтармен бірге.*

Оралханға еріп, Оралханға сүйеу болып қияндағы Катонқарағайға ең көп барған да осы Қуанышбай ағамыз-тын. Орағаңның басынан бірінен соң бірі қабаттасқан қайғылар, қамырықты ауыр жылдар өткені есімізде. Алдымен қазақтың қара тілінің шешені – қарындасы Мәнсия дүние салды. Артынша Аймен апайы, кейін Ләззат апайы қайтты. Солардың бәрінде шерлі Орағаңа серік болып, қайғысын бөлісіп, Алтайға Қуанышбай ағамыз бірге еріп барып жүрді.

Осы «жетімдердің» көп жылдан бері отбастарымен бірге араласып, біте қайнасып жүрген достарының бірі – қазақтың атақты актері Асанәлі Әшімов болатын. Бірде Асанәлі ағамыз «осы сендер мені неге жетімдердің қатарына ресми түрде қабылдамайсыңдар? Мен де әке-шешесін баяғыда жұтқан жетімнің бірі емеспін бе!» – дегендей базына қылыпты. Оған жігіттер «Асеке, біз дос ретінде, әрине, сізді сыйлаймыз, құрметтейміз. Бірақ біздің қоғамға ресми кіру үшін екен, сол «жетімдер» қоғамына мен кірмей-ақ қояйыншы» деп жұртты ду күлдіріпті деседі.

Расында да жетеудің төртеуі дүниеден өтіп, ендігісі Бексұлтан, Кәдірбек, Қуанышбай үшеуі ғана қалған еді. Осы қалған үшеуінің амандығын тілеп жүргенде Қуанышбай ағамыз да фәниден бақиға аттанып кете барды. Соны ойлағанда ажал айтып келмейтініне шын сенесің. Өйткені ағамызбен соның алдында ғана кездесіп, қуаныштарымызбен бөлісіп, бір-бірімізге кітаптар сыйлап, әңгіме айтып әмпей-жәмпей болысып едік. Қуанышбай ағамыз маған ескертпей, өзі зерттеп, анау бір жылдары менің шығармашылығыма арнап «Сөзбен салынған сурет» атты мақала жариялағаны бар. Ол мақаланы мен «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққанда бірақ көргенмін. Содан 2021 жылдың қаңтарының басында, менің туған күнімнің қарсаңында осы газетте «Әлібектің жазушылық әлемі» атты тағы бір мақала жарқ ете қалған. Бұл екі мақала кейін жеке кітапша түрінде басылып шығарылды. Ағамыздың інісіне деген құрметі ерекше, ілтипаты бөлекше екенін осы мақалаларда қатты сезілген. Амал қанша, еліміздің басына қара бұлттай төнген пандемия деген бәленің қырсығынан қорғалап ағамызға топырақ та сала алмадық, соңғы сапарына шығарып салу үшін Алматыға да жете алмадық.

Қуанышбай ағама арнаған бұл жазбамда мен ол кісінің әдебиетке алдымен ақын ретінде келіп, кейін байсалды сыншы ретінде қалыптасқан шығармашылық жолы жөнінде таратып айтудан аулақпын. Ағамыздың әлі толық айтылмаған, ашылмаған ондай қырларын білікті мамандар мен ғалымдар айта жатар деген үміттемін. Өз басым Қуанышбай ағамызды біреулер құсап алаулатып-жалаулатпай-ақ бүгінгі әдебиеттіміздегі сын жанрының даму үрдісіне айтулы үлес қосқан қаламгер деп білем. Оның жазғандары қатпарлы тарихтың тереңін қозғаудан аулақ, оның жазғандары қатар жүрген замандас жазушылардың, талантты іні-қарындастарының шығармаларын талқылауға арналған. Солардың жақсылықтары мен жетістіктерін оқырманға таныстыру тұрғысындағы адал пейілді кемел мақалалар. Кәдірбек Сегізбаев ағамыз Қуанышбай досына арнаған мақаласын «Жалықпайтын жылнамашы» деп атапты. Қуан-ағамыздың бітім-болмысын, жан сырын дөп басып айтқандай ұрымтал тақырып осы сияқты. Расында да Қуанышбай ағамыздың «Әдеби портреттер» сериясында қалам арнамаған замандастары некен-саяқ сияқты. Солардың бір парасын мысал үшін тізе кетейікші... Баққожа Мұқай, Төлен Әбдік, Оралхан Бөкей, Ақселеу Сейдімбек, Дулат Исабеков, Марал Ысқақбай, Қойшығара Салғара, Бексұлтан Нұржеке, Кәдірбек Сегізбаев, Жақау Дәуренбек секілді дәріпті прозашылар бар. Иранғайып Оразбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Нұрлан Оразалин, Бауыржан Жақып, Есенғали Раушанов, Ғалым Жайлыбай, Жүрсін Ерман, Маралтай Ыбыраев, Серік Ақсұңқарұлы, Аян Нысаналин, Несіпбек Айтов сияқты айтулы ақындар бар.

Қуанышбай ағамыздың сын мақалалары да түсінікті тілмен, таза ниетпен жазылған ақылман жанның пайымына көбірек ұқсайды. Сондықтан да ол мақалалар қаламгер атаулының бәріне шабыт қосып, қанат бітіретін ізгі тілек ретінде қабылданады.

Айда аяқ, жылда жілік жоқ, «жетімдердің» алғашқысы Оралхан өмірден өткелі де отыз жылға жақындапты.

Қазір сол баяғы «жетім» деп жүрген жетеуден ел көшен жұрттай болып екеуі ғана қалқиып жүріп жатқан жайда. Олар – Бексұлтан Нұржеке мен Кәдірбек Сегізбаев ағаларымыз. Кезінде олардың әзілдесетін досы да, қалжыңдасатын құрдасы да Қуанышбай еді. Әзіл де, қалжың да оны көтере алатын адамға ғана айтылады ғой. Қуан-ағамыз расында да терісі кең, пейілі дарқан, адал жүректі асыл достары болатын. Байқаймын, Қуанышбай достары кеткелі ол екеуінің бүгінгі көңілдері көмескі, көкіректері күңгірлеп бос қалғандай.

Қазір ойлап қарасаңыз – «Бес тапал» да, «Жеті жетім» де қазақтың мәдени-рухани өміріне жаңалық боп кірген, төл әдебиетімізге өзіндік құбылыс әкелген қаламгерлер бірлестіктері болғанын бағамдайсыз.

Күркіреп жүретін аймүйіз ағаларымыздан айрылып қалу сондарының ерген інілері – мына бізге де оңай соққан жоқ. Өкініш өзекті өртейді, бірақ тағдырға не шара! Біздің шүкірлік етеріміз – олардың қайсыбірі болмасын сондарына тәлімді іс, тағлымды өнеге, жақсы лепес қалдырған жандар. Қалай десек те, олар өз заманын даралап айшықты із тастады, өздеріне тән төлтума туындылар жасап кетті. Сондықтан да олардың тұлғалары әдебиетімізде әрдайым жоталанып тұрады.

Мәңгілікке аттанған бесеудің естелігін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп айтып жүрулері үшін қалған ағаларымыз арамызда ұзағырақ жүре түссе екен. Алла тағалам бұрынғының артындай, бүгінгінің картындай болып қалған оларды көпсінбесін, жарық жалғанның қызығынан айыра көрмесін деп тілейік, ағайын!

**ҚҰЛАҚҚАҒЫС**

## ЕСТЕЛІК КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

2022 жылы 1-маусымда, сағат 11.00-де ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы үлкен залында жазушы-журналист Қуанышбай Құрманғалидың туғанына 80-жыл толуына орай жарыққа шыққан «Ел дегенде – елгезек» атты естелік-кітаптың тұсаукесері өтеді.
(Мекен-жайы: Алматы қаласы, Абай даңғылы - 14. ҚР Ұлттық кітапханасы)

№21 (995) 30.05.2022 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Мир кардинально меняется за последнее десятилетие: человечество живет не только в условиях гибридной, биологической, санкционной, экономической войны, но и информационной, идеологической. Притом эта «война» со многими неизвестными, которые порождают панику среди населения и среди ...президентов.**



# ПРИШЛО ВРЕМЯ СОБИРАТЬ КАМНИ: ДОБЫЧА ХРОМА ДОСТИГЛА ПИКА

### ЭКОНОМИКА В ПЕРИОД НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ

Мы вступили в период неопределенности. В сложнейших условиях кризиса планетарной жизни, осложненного политическими, социальными, экономическими, климатическими изменениями, вопрос выживания как людей, так и государств выходит на первый план.

19 марта 2020 г. президент Касым-Жомарт Токаев заявил: «Надо быть готовым к любым, причем не самым благоприятным, даже к самым худшим вариантам развития, включая и модель мобилизационной экономики. Надо быть готовыми ко всему».

Мобилизационная экономика – это экономика, ресурсы которой сосредоточены и используются для противодействия угрозам существования страны как целостной системы. Условно говоря, это экономика в экстремальных условиях военного, послевоенного времени, чрезвычайных ситуациях и др., когда возникают «тотальные войны» и государству необходимо задействовать весь имеющийся потенциал.

Между тем экономика РК не только сырьевая, но всецело зависит от поставок из-за рубежа, нет многих производств, т.е. экономика несамостоятельна, не развита, не может обеспечить страну самым необходимым – товарами первой необходимости, оборудованием и т.д., при этом растут цены на продукты.

Из-за этого необходимо быстро перестраивать экономику, сельское хозяйство, науку, медицину и т.д.: вместо продажи сырья – открывать повсеместно производства разного направления.

Мы все являемся свидетелями, как мир меняется на глазах, притом в худшую сторону с нарушением предыдущих международных норм, договоров и отношений. В такой период неопределенности развивающимся странам необходимо своевременно отслеживать и анализировать происходящие глобальные изменения, оперативно и продуманно реагировать на них, чтобы не затеряться и найти свое место под солнцем новой геополитической конфигурации.

Этому способствует и новая политика президента Касым-Жомарта Токаева после ухода первого президента: поиск новых путей в экономике, стремление к прозрачности в политической и экономической реформе, желание уйти от сырьевой зависимости, реальная борьба с коррупцией, экономическими и финансовыми преступлениями и т.д.

В таких форс-мажорных обстоятельствах есть один выход: оптимизация финансовых, материальных средств, полная перестройка экономической системы страны. И в то же время необходимо грамотно продумать пути безболезненного выхода из кризисного положения.

К примеру, Казахстан долгое время придерживался экстенсивной модели развития экономики за счет количественного приращения добычи природных ресурсов, нерационального использования земельных ресурсов, использования устаревших технологий, форм и методов организации труда и т.д.

Такая экономика привела к истощению ресурсов, к консервации устарелых форм труда, к ухудшению экологической ситуации, возрастанию социальной напряженности и кризису всей экономической системы, не говоря о коррупции, экономических преступлениях, рейдерстве, выводу капитала и т.д.

### ПОИСК НОВЫХ ПУТЕЙ

В итоге такой практики в РК десятилетиями не уделялось должного внимания разведке и восполнению убывающих рудных запасов. Ведь многие крупные месторождения металлических руд, разведанные и эксплуатируемые с советских времен, серьезно истощены, обсуждается вопрос об их возможной консервации, а некоторые уже закрыты.

Поэтому горнорудные компании вынуждены направлять солидные финансовые вливания в поиск и разведку новых месторождений и на внедрение инноваций в производство.

Возможно, пришло время для некоторых предприятий Горно-металлургического комплекса РК пересмотра экстенсивного пути развития – ведь природные ресурсы не безграничны и невосполнимы.

Перед поиском новых путей стоят многие предприятия, например, Донской горно-обогатительный комбинат (ДГОК). Это время совпало не только со временем прихода второго президента страны, но и с приходом нового руководителя ДГОК, новых менеджеров разного уровня.

Город Хромтау – главный и практически монопольный центр добычи высококачественных хромитов в СНГ, мировой лидер. На территории Хромтауского района добывается весь объем хромовой руды в Казахстане, 95 % хромовых руд в СНГ. Хромтау занимает 2-е место в мире по запасам хромовой руды после Южной Африки, но наша руда богаче. В ней 45-60 % хрома, в южноафриканской – 35-40 %.

Промышленные месторождения сконцентрированы в границах главного рудного поля в двух рудоносных структурах (западной и восточной), вытянутых на 25 км при ширине 7 км.



Кроме ДГОК в районе действуют другие крупные производственные объекты: ТОО «Актюбинская медная компания», «Восход-Ориел», «Коппер Технолоджи». Ведутся масштабные работы по освоению месторождений медных и медно-цинковых руд компаниями ТОО «Медная компания» и «Восход-Ориел». Сбыт продукции ориентирован на экспорт.

Градообразующим предприятием является ДГОК, где работают более 7,5 тысяч жителей города – почти одна треть (!), значительная часть трудоспособного населения.

### НЕ ПОВТОРЯТЬ ОПЫТ АРКАЛЫКА

Опыт в нашей и других странах показал, что при экономическом кризисе, истощении ресурсов, снижении объемов производства или остановке градообразующих предприятий последствия для моногородов чрезвычайно опасны.



Моногород создается вокруг завода, выпускающего готовую продукцию или возле месторождения, которое обеспечивает сырье. Если со временем по каким-либо причинам закроется завод, продукция не будет пользоваться спросом или истощится месторождение, то будущее моногорода вызовет много проблем.

В свое время за счет месторождений появились такие города, как Аркалык, Алтай, Сарань, Жанатас, Жанаозен, Житикара и др. Однако в какой-то момент маятник истории пошел в обратную сторону и нанес ощутимый удар по ним, превратив некогда процветающие города в территорию упадка.

В этом плане поучителен печальный опыт Аркалыка. В советское время рудники Аркалыка давали до 20% объема бокситов СССР. Это был процветающий город, где проживало более 110 тысяч человек, был свой крупный аэропорт. Далее – истощение запасов месторождений и сокращение объемов промышленного производства. С истощением рудной базы начался упадок города, который потерял 35% населения и законсервировался в виде отсталого, депрессивного города с монопрофильной промышленностью. За неимением альтернативного места работы город покинули высококвалифицированные специалисты, пришла в упадок инфраструктура, ухудшились условия проживания.

### ЧТО ОСТАНЕТСЯ БУДУЩИМ ПОКОЛЕНИЯМ?

На заседании правительства 16 марта 2021 г. министр индустрии и инфраструктурного развития Бейбут Атамкулов сообщил: «Мы планируем увеличить объемы производства фосфорных удобрений на 16,6%, аммофоса на 15,4%, селитры аммиачной на 10,7%, хромовых соединений на 13,6%».

В последние годы с открытием новых месторождений объем добычи хромовой руды увеличился и достиг пика. На ДГОК добывают и перерабатывают руду, ежегодно получая более 4 млн т товарной продукции. По некоторым данным, в ДГОК планируют поднять добычу хромовой руды до 6 млн т.

Между тем за 83 года работы Донского комбината здесь добыто 225,3 млн т хромовой руды, отработано порядка 20 карьеров.

При этом объемы запасов руды – около 230 млн т.

Мы видим, что объем добытой хромовой руды приблизительно равен ее запасам. И ДГОК, условно говоря, прожил половину своей жизни, и пришло время осмыслить пройденный путь и задуматься о будущем. Ведь еще не факт, что оставшихся запасов при добыче 6 млн т в год хватит на 30-40 лет.

Иными словами, этих запасов может не хватить «на жизнь» будущим поколениям – ведь в ДГОК работает значительная часть трудоспособного населения Хромтау. Что с ней будет при истощении запасов, что будет с городом? Где будет работать молодежь через 25 лет?

Да, за последние годы было сделано немало для того, чтобы диверсифицировать экономику города, чтобы уменьшить долю участия Донского ГОК. В 2012 г. открылась макаронная фабрика с итальянским оборудованием. С тех времен заработало и производство кафельной плитки ТОО «Керамика». Однако завод в последние годы простаивает...

Ожидается партнерство малого и среднего бизнеса с крупнейшими компаниями города, на которых будут размещать заказы на работы и услуги объектами МСБ.

Посредством программы моногородов развивалась общая стратегия страны по ослаблению зависимости экономики от сырья. Однако экономика Хромтау по-прежнему всецело держится за счет ДГОК.

Если же оставит добычу хромовой руды на уровне 4 млн т в год или немного снизить, то запасов руды останется и будущим поколениям, и будет возможность не повторять опыт Аркалыка.

Пришло время собирать камни – есть время создать другие производства, переориентировав город от сырьевой направленности к выпуску продукций с высокой добавленной стоимостью. Все имеет свой срок, и важно, чтобы любое событие совершалось в свое время.

Природа имеет свои незыблемые законы, и человек не должен нарушать их и жить в соответствии с ними – всем известны экологические проблемы района, качество питьевой воды желает лучшего и т.д. Не говоря о том, что природные ресурсы ограничены.

Конечно, легче всего идти проторенным путем. Однако пришло время избавляться от сырьевой зависимости – создавать постоянные рабочие места вне градообразующего предприятия, развитие МСБ, реализация крупных инвестиционных проектов, основание вспомогательных и обслуживающих компаний совместно с ДГОК и т.д.

Тем более в Хромтау есть все возможности для интенсивного развития экономики за счет использования более эффективных наукоемких технологий, внедрения новых компьютерных программ, автоматизации, более совершенных форм и методов организации труда, постоянного обучения и повышения квалификации специалистов, в том числе и за рубежом и т.д.

Наряду с этим – развитие и благоустройство социальной и инженерной инфраструктуры, предоставление грантов на создание новых производств, ремонт дорог в Хромтау и районе и т.д. Не говоря о трассе Актобе-Хромтау, давно требующей капитального ремонта.

**Дастан ЕЛДЕС**
*Алматы – Хромтау – Алматы*

# ЕДИНАЯ ГРАЖДАНСКАЯ НАЦИЯ И ЕДИНЫЙ ЯЗЫК




**Функционирование в Қазақстане қазақского языка в качестве государственного не подлежит сомнению. Более того, никакая альтернатива ему в качестве второго госязыка не может рассматриваться. В любом государстве язык – стержень национального единства.**

Вопрос сохранения қазақского языка – это вопрос сохранения қазақской нации. Он особенно актуален в нашем случае потому, что страна пережила периоды колонизации и тоталитаризма с сопутствующим этим процессам уничтожением традиционного образ жизни, девальвацией ценностей и традиций, трансформацией национальной идентичности и угрозой потери языка.

Даже для стран, не переживших подобного, вопрос языка является не менее важным. По этой причине языковой вопрос не будет снят с повестки до тех пор, пока қазақский язык не обретет всей полноты функционирования.

Почему этот вопрос становится предметом общественной дискуссии? Главное причина – нежелание распространения казахского языка во всех сферах жизни. И потому возникают разговоры о якобы ущемлении русского языка. Так ли это? Расширение сфер употребления қазақского языка – это не более чем его восстановление в исторически естественном для него ареале. Слова об ущемлении русского языка в связи с этим процессом возникают именно потому, что русский язык за последние чуть более полвека насильственно занял не принадлежавшее ему место и роль қазақского языка.

Пытаться представлять процесс восстановления қазақского языка как процесс ущемления русского языка нелепо по той причине, что сегодня все еще нет даже паритета между этими языками, везде превалирует язык соседней страны – русский.

Восстановление қазақского языка на территории, на которой он традиционно существовал десятки веков, является языком коренного народа, но был насильственно вытеснен, не угрожает существованию русского языка, имеющего не только полноценное функционирование в стране с гораздо бОльшим количеством его носителей, но и получающего всемерную поддержку, причем за счет ущемления прав (!) других языков федеративного государства. В таких условиях требовать создания русскому языку особых условий еще и в нашей стране, как минимум, не политкорректно.

Вопрос языка, по мнению Хомского, – это еще и вопрос власти. Иными словами, власть в Қазақстане – қазақская или российская?

В этой связи следует вспомнить о том, что официальные представители нашей страны на международных встречах используют язык другого государства, что негативным образом сказывается на имидже Қазақстана.

К слову, во Франции министерской инструкцией 1994 года предписано в работе с международными организациями, на конференциях и при переговорах использовать только французский язык, вплоть до отказа от участия, если отсутствуют документы и материалы на французском языке.

Более того, как показали события последних лет, некоторые представители нашей власти не говорят на одном языке со своим народом, что не только чревато потенциальным конфликтом, но и ставит под сомнение эффективность их работы.

Оппоненты защитников қазақского языка ссылаются на примеры стран, где функционирует два языка и более. Использование аналогии – допустимый и, в целом, удобный прием. Я могла бы привести в качестве примера те страны, которые оказались в близких с нашими условиях и довольно успешно решили вопрос о национальном языке. Однако, делая реверанс в сторону защитников двуязычия, предлагаю рассмотреть те примеры, к которым они обращаются.

И тут следует выделить две неверные исходные позиции, которые имеют принципиальное значение. Это полное игнорирование разности исторических предпосылок и ошибочное представление о том, что в этих странах нет языковых проблем. Обратимся к наиболее часто приводимым примерам: Канада и Швейцария. И здесь важны два аспекта: исторические обстоятельства складывания языковой ситуации и нынешнее состояние языкового вопроса.

Колонисты Канады, лишая прав, земли, искореняя коренное население, распространили на колонизированных территориях английский и французский языки. Никому коренному населению не пожелаешь такой участи, и проводить параллели с Қазақстаном – верх кощунства.

На протяжении всего времени существования Канады вопрос языка оставался настолько острым, что не раз грозил расколу страны: в период возрастающего влияния США в середине XIX века; националистические движения в Квебеке в 1930-ые, 1960-ые, конце 1980-х годов; закон о двуязычии 1969 года; упразднение в 1971 году официальной культуры, референдумы 1980 и 1995 годов.

